




АРМЕНИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРИН ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрі Никол Пашинянды «Азаматтық келісім» партиясының парламенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

Көптеген халықаралық байқаушының алдын ала мәліметінше, сайлау елдің қолданыстағы сайлау туралы заңнамасына сай, ашық әрі азаматтардың еркін білдіруіне тиісті жағдай жасала отырып өткен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашиняның Армения елінің ұзақмерзімді ұлттық мүддесі жолындағы қызметте табысқа жете беруіне тілектестік білдірді.

Президент Қазақстан достас Армениямен барлық салада өзара мүддеге сай белсенді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев армян халқына мемлекеттілікті дамытуда сәттілік, бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.

«ЖАПОН ТЫҢШЫЛАРЫ»

ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?



НКВД тергеушілері «жапон тыңшыларын әшкерелеу» жоспарын орындау үшін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамбетов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, А.Қозыбағаров, Ә.Сәтбаев, тағы басқа қайраткерлерді дәл осындай жолмен «мойындатып», олардың бәрін ату жазасына кеседі.

→ 6

КҮРІШ ЭКСПОРТЫНЫҢ КҮРМЕУІ

Кейінгі жылдары елімізде туындаған қиындықтарды еңсеруде бірқатар жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты Қызылорда облысында егістікті әртараптандыру жұмыстары күшейтілуде. Бұл ретте өңірде жоңышқа, бидай, жүгері секілді балама дақылдардың көлемі ұлғайып келеді. Дегенмен бұл бағыттың да өзіндік қиындықтары бар. Сағидулла Сыздықовтың пікіріне сүйенсек, Қызылорданың табиғи-климаттық жағдайы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарына бірдей қолайлы емес.

→ 7



ЗЕЙНЕТАҚЫ ШЕГІ мен ШЕБІ



БЖЗҚ түсіндіруінше, шектің көтерілуі болашақ зейнетақы төлемдерінің көлемін арттыруға бағытталған. Қордың мәліметінше, зейнет жасына жақындаған сайын адамға қажет болатын жинақ көлемі де ұлғаяды. Сондықтан зейнетақы шотында көбірек қаражат қалдыру көзделіп отыр. Алайда жаңа талаптарға жету үшін азаматтардың ресми табысы қандай болуы керек деген сұрақ туындайды. Сарапшылардың есебіне сүйенсек, бүгінгі шекке жету, әсіресе жастар үшін өте күрделі міндетке айналып отыр. Мысалы, 20 жасында жинағында 6,67 млн теңге болуы үшін азамат еңбек жолын бастаған сәттен ай сайын шамамен 2,8-2,9 млн теңге көлемінде ресми жалақы алуы қажет. Қазақстандағы еңбек нарығын ескерсек, мұндай табыс жастардың басым бөлігі үшін қолжетімсіз. 30 жасқа қарай белгіленген 9,75 млн теңгелік шекке жету үшін де жағдай оңай емес.

→ 4

БОС ОРЫН КӨП, ТОЛТЫРАР ЖАН АЗ

Қазақстанның еңбек нарығында елең еткізерлік өзгерістер болып жатыр. Ресми статистика елдегі жұмыссыздық деңгейі тәуелсіздік жылдарындағы ең төменгі межеге түскенін көрсетті. Бұрын жұмыс табу қиындығы, әсіресе жастар арасында өткір сезілетін болса, биыл бұл көрсеткіш те рекордтық деңгейде төмендеді. Осы ахуал аясында Үкімет жатжұрттық жұмыс күшін кеңірек тартуға ден қойып отыр. Еңбек министрлігі сырттан маман әкелу тәртібін едәуір жеңілдетті. Бұл өзгеріс еңбек нарығына қалай ықпал етеді? Жаңа реформа қандай мақсатты көздейді?




→ 3

ОРТА ДӘЛІЗ: МҮДДЕ және МҮМКІНДІК

Логистикадағы ең жаман нәрсе болжаусыздық десек, Каспийдегі ауа райының құбылмалы мінезі ахуалды тіптен ауырлатады. Теңізде күз, қыс айларында жел қатайып, дауыл соққанда порттар жұмысын тоқтатады, паромдар ашық теңізге шыға алмайды. Мұздың қатуы да жүк тасымалын біршама тежейді. Соңғы жылдары Каспийдің суы жылдам тартылып барады.

→ 5



9 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен бюро отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясындағы Сенаттың жұмыс жоспарын талқылап, 11 маусымға жоспарланған палата отырысының күн тәртібін айқындады.

Сенат Спикері атап өткендей, 1 шілдеден бастап мемлекеттілікті нығайтуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа Конституция күшіне енеді. Осы ауқымды өзгерістерді табысты жүзеге асыру үшін Мәулен Әшімбаев қазақстандықтарды Әділетті Қазақстан құру жолында Мемлекет басшысының реформалар бағыты төңірегіне топтасып, бірлік танытуға шақырды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде ауқымды жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Соның аясында жаңа Конституциямыз қабылданып, Қазақстан дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Басты мақсат – Тәуелсіздігімізді нығайту, мемлекеттілігімізді күшейту және азаматтардың өмір сүру

сапасын арттыру. Көзделген мақсатқа жету үшін реформалардың жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілуін қамтамасыз етуіміз қажет. Бұл жолда ұлт болып ұйысып, елдік пен ауызбіршіліктің озық үлгісін көрсету айрықша мәнге ие. Сондықтан осындай тағдыршешті сәтте Мемлекет басшысының саяси бағдарының айналасында топтасу аса маңызды», – деді палата Төрағасы.

Сонымен қатар бюро мүшелері алдағы палата отырысында «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заңды, сондай-ақ оған ілесе «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға Қазақстан Республикасы жаңа Конститу-

туциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне ҚР жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарау туралы шешім қабылдады.

Күн тәртібіне сондай-ақ бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау, газбен жабдықтау және электр энергетикасы, цифрландыру және дербес деректерді қорғау, жол қозғалысы мен көліктегі озық технологияларды реттеу, жануарлар дүниесі, орман және аңшылық шаруашылығы, сондай-ақ ара шаруашылығы мәселелеріне қатысты салалық заңдарды қарау енгізілді.

Атап айтқанда, сенаторлар бастамашы болған «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң әскери қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар түзетуді қамтиды. Атап айтқанда, Қарулы Күштер мен Шекара қызметінің әскери қызметшілеріне төтенше жағдайлардың салдарын жоюға, терроризмге қарсы операцияларға қатысқан кезде және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету барысында ақшалай үлесті үш еселенген мөлшерде төлеу көзделген.

Елдегі телекоммуникациялар нарығы мен деректерді өңдеу орталықтарын одан әрі дамытуға, байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған келесі құжат – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң.

Отырыс барысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды тұрақты комитеттер арасында бөліп қарау мәселесін де талқылады.

РУХАНИ КЕМЕЛДІК КЕПІЛІ

Үкімет үйінде «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығын жүзеге асыру мәселесіне арналған кеңес өтті. Жиынға премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева төрағалық етті. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Рустам Әли кешенді жоспардың негізгі бағыттарын таныстырды. Оның ішінде кітапхана және кітап ісін дамыту, оқуды насихаттау, заманауи цифрлық инфрақұрылым қалыптастыру жөніндегі шаралар қамтылған.

Құжат 9 негізгі бағыт бойынша 50-ге тарта іс-шараны көздейді. Олардың қатарында кітап саласын құқықтық тұрғыдан жүйелеу мәселесі де бар. Сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігі кітапхана саласын жаңғыртуға ерекше көңіл бөліп отыр. Бүгінде республикада 3 887 көпшілік кітапхана жұмыс істейді. Олардың жиын-



тық қорында 72,5 млн-нан астам кітап сақталған. 2025 жылы кітапханаларға келушілер саны рекордтық көрсеткішке жетіп, 57 млн-нан асты. Биыл 4 кітапхана жаңғыртылып, 6 жаңа кітапхана ашылды. Жыл соңына дейін еліміздің бес өңірінде тағы 24 кітапхананы жаңғырту жоспарланып отыр.

Аида Балаева кітапханалардың қызметіне жан-жақты талдау жүргізуді тапсырды. Бұл жұмыс кітапхана инфрақұрылымы мен ғимараттарының жай-күйін, кітап қорымен қамтамасыз етілу деңгейін, сондай-ақ ондағы әдебиеттерге сұранысты қамтуы керек. Талдау қорытындысы бойынша, әсіресе балалар мен жастарға арналған әдебиет бағытындағы тапшылықтарды айқындап, кітапхана қорын одан әрі дамыту және жаңарту жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу маңызды. Балалар мен жастар арасында оқу мәде-

ниетін дамытуға бағытталған шаралар туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова баяндады. Министрлік оқушылардың әдебиетке және заманауи оқырман сервисіне қолжетімділігін кеңейтетін «Балалар кітапханасы» және «Оқырман» платформаларын іске қосты. Бұл бағыттағы маңызды жұмыстың бірі – білім беру ұйымдарында оқырман клубтарының қызметін дамыту. Соның негізінде тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Кітап оқитын мектеп» бірінші моделі енгізіледі. Аталған модель аясында балалардың кітап оқуға қызығушылығын ата-аналар мен педагогтердің жеке өнегесі арқылы арттыруды көздейтін «Бірге оқиық» жобасы жүзеге асырылады.

Өз кезегінде Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова студент жастар арасында кітап оқу мәдениетін ілгерілету тәсілдері туралы айтты. Бұл бағытта жоғары оқу орындары кітапханаларын дамыту және студенттік оқырман клубтарының жұмысын жандандыру мәселелері қамтылған. Кеңес қорытындысы бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігіне салалық әдебиеттермен қамтамасыз ету деңгейіне талдау жүргізу, сондай-ақ педагог кадрларды даярлауда қолданылатын оқу әдебиеттерінің мазмұнын зерделеу тапсырылды.

Қорғаныс және Ішкі істер министрліктеріне қарасты ұйымдардың кітапхана қорларын зерттеу және талдау мәселесіне де ерекше назар аудару қажет. Әскери бөлімдер мен ведомстволық мекемелерді заманауи, мазмұнды әрі кәсіби әдебиеттермен қамтамасыз ету маңызды. Талдау нәтижесінде нақты қажеттіліктер айқындалып, кітапхана қорларын толықтыру және жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірленуге тиіс.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ КЕҢЕСІ ПРЕЗИДЕНТТІҢ КҮН ТӘРТІБІ ТӨҢІРЕГІНДЕ ТОПТАСУҒА ШАҚЫРДЫ

Астанада Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен партия Саяси кеңесінің отырысы өтті. Оның қорытындысы бойынша мемлекеттегі барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштерді Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды құру жолында күш біріктіріп, жұмыла жұмыс істеуге шақырған мәлімдеме қабылданды. Отырысқа Саяси кеңес пен партия Бюросының мүшелері, Орталық аппараттың басшылығы, өңірлік филиалдардың төрағалары мен атқарушы хатшылары қатысты.



Өз сөзінде Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Мемлекеттік ту көтеру рәсімінде ел дамуының жаңа бағытын айқындап, барлық салауатты әрі прогрессивті қоғамдық-саяси күштерді жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар төңірегіне топтасуға шақырғанын атап өтті. Осыған байланысты «АМАНАТ» жауапты саяси партия ретінде Мемлекет басшысының үндеуін толық қолдайды және елді дамытуға бағытталған ауқымды президенттік күн тәртібін жүзеге асыру жолында еңбек етуге дайын барлық күштермен өз әлеуетін біріктіруге дайын.

«Бүгін біз осы тарихи кезеңнің маңызын терең түсінуге керек. Жаңа Конституцияның қабылдануымен Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірі басталды. Ешқандай асыра сілтеусіз айтар болсақ, бұл – халқымыз қолдаған Президентіміздің аса ірі жетістігі әрі саяси жеңісі. Енді біздің алдымызда жаңа Конституцияда белгіленген барлық мақсатты жүзеге асыру міндеті тұр. Бұл – жалғыз атқаруға

келмейтін күрделі жұмыс. Ол бізден жұлдызтай жұмылды, бірлік пен келісімді талап етеді. Бүгін біз қоғамға жауапкершілік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетуіміз қажет», – деді Ерлан Қошанов.

Отырыс барысында Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева жаңа Конституция күшіне енуінің тарихи маңызын атап өтіп, қоғамдық-саяси күштерді мемлекетті дамытудың стратегиялық міндеттері төңірегінде топтасуға шақырды. Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғожаев Президент бастамашы болған реформалар өңірлердің серпінді дамуына ықпал етіп, жүргізіліп жатқан өзгерістерге деген азаматтар сенімін нығайтып отырғанын айтты. Маңғыстау облыстық филиалының жетекшісі Нұрбек Қарасаев мемлекеттің ауқымды қоғамдық-саяси жаңғыруы жағдайында қоғамдық келісім мен бірлікті сақтаудың маңызына назар аударды. Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров Ата заңның күшіне енуі жаңа саяси кезеңді ашатынын айттып, ел тәуелсіздігін нығайту жолында күш-жігерді біріктіруге шақырды.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

Қазақстан даму жолының жаңа кезеңіне қадам басып отыр.

Жаңа Конституцияның қабылдануы және мемлекеттік институттардың жаңаша қалыптасуы еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және алға қойған стратегиялық мақсаттарға жетуге жаңа мүмкіндіктер береді.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енеді.

Осы Конституцияның нормаларын жүзеге асыру мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бірқатар конституциялық заңдарға қол қойды.

Жаңа Негізгі заңда еліміздің ұзақмерзімді дамуына негіз болатын басты құндылықтар айқындалған.

Олар: тәуелсіздік пен ел бірлігі, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, «Таза Қазақстан» және еріктілік, жасампаздық пен өркендеу.

Осы құндылықтарға сүйене отырып, біз Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанды құрып жатырмыз.

Бұл маңызды міндеттің табысты орындалуы мемлекет пен қоғамның бірлігіне байланысты.

Мемлекет басшысы еліміздің барлық озық ойлы азаматтарын ортақ ұлттық құндылықтар мен мақсаттар төңірегіне топтасуға шақырды.


«АМАНАТ» партиясының Саяси кеңесі бұл үндеуді толық қолдайды.

Біз ауқымды өзгерістерді табысты жүзеге асыру үшін саяси партиялардың, азаматтық қоғамның, сарапшылар қауымдастығының, ғылым, білім, мәдениет және бизнес саласы өкілдерінің, жастардың және ел болашағына бейжай қарамайтын барлық азаматтардың күш-жігерін біріктіруге қажет деп есептейміз.

«АМАНАТ» партиясы әрдайым Президент бастамаларын қолдап, олардың жүзеге асуына белсенді атсалысып келеді.

Осыған орай, біз барша қазақстандықтарды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың күш біріктіріп, Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанды бірге құру туралы үндеуін қолдауға шақырамыз.

Тек бірлік пен ортақ еңбек арқылы ғана біз жаңа Конституцияның мүмкіндіктерін толық пайдаланып, Отанымыздың жарқын болашағын қамтамасыз ете аламыз!



БОЧЧАДАН ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде Astana 2026 World Boccia Cup Әлем кубогы жолындағы жарыстың финалдық кезеңі өтті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев қатысты.

Мәулен Әшімбаев спортшыларды дүбірлі доданы аяқталуымен құттықтай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инклюзивті қоғам қалыптастыруға арналған бастамасының арқасында елімізде параспорт қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ол боччадан Әлем кубогының Қазақстанда өтуі осы бағыттағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі екенін айтты.

«Соңғы жылдары Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда инклюзивті қоғам қалыптастыру жолында маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде елімізде параспорт қарқынды дамып, қазақстандық параатлеттер халықаралық аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Сонымен қатар елімізде боччадан Әлем кубогы сияқты халықаралық деңгейдегі жарыстар да ұйымдастырылып жатыр. Осы сайыста барлық спортшы чемпионға тән жоғары шеберлік пен кәсібиліктің биігінен көріне білді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Қазақстан бочча федерациясының Президенті Әлем

кубогының басты жетістігі жүлде ғана емес, жаңа достар табу және инклюзия мәдениеті мен спорттың адамдарды біріктіретін қасиетін дәріптеу екенін атап өтті. Ол Федерация атынан турнирдің жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан ұйымдастырушыларға, еріктілерге, төрешілерге және World Boccia командасына алғыс білдірді.

«Боччадан Әлем кубогының негізгі құндылығы жүлделер мен нәтижелерден әлдеқайда ауқымды. Бұл жарыс достықтың, өзара құрметтің және спорттың әртүрлі елдер мен мәдениеттер өкілдерін біріктіретін күшінің жарқын символына айналды. Турнир боччаның жай ғана спорт емес екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл — асқақ рухтың, тең мүмкіндіктердің және жеңіс жолындағы ерік-жігердің озық үлгісі. Командалар, спортшылар мен жаттықтырушылар арасында орнаған достық ұзақ жылдарға жалғасып, жарысқа қатысушылардың жүрегінде Қазақстан туралы ең жылы естеліктер сақталады деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Жарыс қорытындысы бойынша командалық сайыста BC1 санатында



Индонезия құрамасы жеңімпаз атанды. Екінші және үшінші орындарды Португалия мен Корея құрамалары өзара бөлісті.

BC3 санатында Франция құрамасы алтын медаль жеңіп алды. Күміс жүлде Италия спортшылары ие болса, Сингапур құрамасы үздік үштікті түйіндеді.

Ал, BC4 санатында Ұлыбритания құрамасы боччадан Әлем кубогының

жеңімпазы атанды. Екінші орынды Қытай Халық Республикасының Гонконг арнайы әкімшілік ауданы иеленсе, үшінші орын Қытай Халық Республикасының құрамасына бұйырды.

Айта кетейік, Astana 2026 World Boccia Cup сайысы 1 маусымда басталды. Бұл халықаралық турнир ресми рейтингтік жарыстар жүйесінің қатарында және

алдағы Паралимпиада ойындарына жолдама беретін маңызды іріктеу кезеңдерінің бірі саналады. Дүбірлі додаға Бразилия, Канада, Қытай, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Франция және Португалия бастаған көптеген елдің спортшылары қатысты. Бүгінде боччадан Қазақстан ұлттық құрамасының сапында 50-ге жуық параспортшы бар екенін де атап өткен жөн.

Қазақстанның еңбек нарығында елең еткізерлік өзгерістер болып жатыр. Ресми статистика елдегі жұмыссыздық деңгейі тәуелсіздік жылдарындағы ең төменгі межеге түскенін көрсетті. Бұрын жұмыс табу қиындығы, әсіресе жастар арасында өткір сезілетін болса, биыл бұл көрсеткіш те рекордтық деңгейде төмендеді. Осы ахуал аясында Үкімет жатқұрттық жұмыс күшін кеңірек тартуға ден қойып отыр. Еңбек министрлігі сырттан маман әкелу тәртібін едәуір жеңілдетті. Бұл өзгеріс еңбек нарығына қалай ықпал етеді? Жаңа реформа қандай мақсатты көздейді?

«АТА, СІЗ ӘЛІ ЖҰМЫСТАСЫЗ БА?»

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне жүгінесек, республикада «екі қолға бір күрек» таба алмай сенделіп жүргендердің саны былтырғы бірінші тоқсандағы 451 515 адамнан биылғы бірінші тоқсан қорытындысында 446 049 адамға дейін кеміді. Еңбек нарығындағы тапшылықты басқа факторлар да ушықтырып тұр.

Қоғамдық ұйымдардың бағалауынша, Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың бейресми саны 1 миллионнан асады. Сондай-ақ республика халқы қарқынды қартаю үстінде, яғни қариялар саны артып барады. Соның нәтижесінде, ресми статистика бойынша Қазақстанда, балаларды қоспағанда, жұмыс күші құрамынан шығып қалған адамдардың саны 2025 жылғы 4 669 631 адамнан 2026 жылы 4 807 200 адамға дейін өсі.

«Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу деректері бойынша Қазақстан экономикасының түрлі саласында 9,4 млн адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде 7,3 млн адам (77,6%-ы) — жалдамалы жұмыспен, 2,1 млн адам (22,4%) өзін-өзі жұмыспен қамтыды. 2025 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда жалпы жұмыспен қамтылғандар 103,1 мың адамға, ал жалдамалы қызметкерлердің есебінен 149,5 мың адамға өсті. Жұмыспен қамтылғандардың ең көп үлесі сауда (16,7%), білім беру (13,3%), өнеркәсіп (12,6%) және ауыл шаруашылығы (10,2%) салаларында байқалды», — деп хабарлады Ұлттық статбюро сарапшылары.

43 жылдық тәжірибесі бар инженер Болат Тыныштықұлы зейнеткерлікке шықса да, әлі күнге жылу-электр орталығында жұмыс істейді, департамент басқарады. Маман тапшы заманда қазандықтың тілін білетіндер алтынмен тең. Бейнетінің зейнетін көргісі келеді, бірақ кезінде толық жаңғыртылуына өзі жетекшілік еткен нысанды кімге тастап кетерін білмейді.

БОС ОРЫН КӨП, ТОЛТЫРАР ЖАН АЗ



Жас мамандардың көп бөлігі бірер жыл істеп, басқа кәсіпорынға — жеңіл жұмысқа, мансабы жоғарына кетіп қалатынына қапаланды. Содан өз ісін «кіре тартар күреңдей» болған тәжірибелі, тіс қаққан мамандарын жасы жетсе де, демалысқа жіберу ЖЭО басшылығының түсіне де кірмейді. Демалысқа кету ойын жеткізсе, «Бөке, кетпеніз, бүкіл қала тіршілігінің тегерінін айналдырып отырған стансаны кімге қалдырасыз?» деп жалынады екен.

— Жыл сайын жалақымыз 30%-ға көтеріп отыр. Шипажайға да жұбайым екеуімізге тегін жолдама береді. Тіпті, бес жыл тағы шыдасам, қазіргі жана пәтердің ордерін қолыма біржола ұстап-пақшы. Екі жыл бұрын цифрлық басқару пульты мен жаңа турбиналар орнатылған соң заман талабынан қалмайын деп біліктілік арттыру курсынан да өттім. Бәрін білетін жас операторлардың өзі блок қалқанында қысым өршісе, шошып, маған жүгіреді. Бұл жерде әрбір аэратор мен коректендіру сорғысының бүлкілін көзімді жұмып тұрып, сезе аламын. Шынында, қазандық агрегатының гүрлі мен будың қысымы ғұмырымның бір бөлшегіндей болып кеткен. Қазіргі жастарға қоспақ адалдық жетіспейді-ақ, — дейді Болат ағай.

ЖАТЖҰРТТЫҚ МАМАНҒА ЖОЛ АШҚАН РЕФОРМА

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстанда сұранысқа ие бірқатар мамандық бойынша кадр тапшылығы туындағанын ашық айтып отыр. Бұл мәселені шешу үшін Үкімет қазір көші-кон реформасын қолға алды.

Салалық ведомство республикаға білікті кадрларды тарту мақсатында шетелдік мамандарды жұмысқа орналастырудың жеңілдетілген тәртібін енгізді.

Қазақстан кез келген гастарбайтерге құшағын ашпақ емес. Еңбекмині елде тапшы кәсіп иелерінің тізбесін дайындады. Аталған тізімге сұранысқа ие 50-ден астам мамандық енгізілген. Олардың қатарында ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау, инженерия және креативті индустрия салаларындағы түрлі мамандық бар. Тізімге енгізілген мамандықтар бойынша шетелдік жоғары білікті кадрларға Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алу мүмкіндігі берілді.

Мәселен, Enebek.kz порталының мәліметінше, «акушер-гинеколог» мамандығы бойынша 469 бос жұмыс орнына небәрі 100 түйіндемеден келеді. «Педиатр» мамандығы — 448 вакансияға 139 түйіндеме, ал «анестезиолог-реаниматолог» бойынша 300 бос орынға 75 түйіндеме ғана тіркелген. Сонымен қатар онколог, неонатолог және эндокринолог мамандарына да сұраныс жоғары. Бұған қоса, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға да қажеттілік артып отыр. Атап айтқанда, қолданбалы бағдарламашылар (509 вакансия), графикалық дизайнерлер (355 бос жұмыс орны) сұранысқа ие.

Еңбек шарттарын есепке алудың бірінші жүйесінің (ЕШЕБЖ) деректеріне сәйкес, сұранысқа ие мамандықтар бойынша шетелдіктермен 45 мыңнан астам еңбек шарты жасалып үлгерген. Оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеушілері шамамен 8 мың, акушер-гинекологтар — 4,6 мың, педиатрлар — 4,1 мың және қолданбалы

бағдарламашылар 3,5 мың еңбек шартын құрайды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаевтың 2026 жылғы 26 мамырдағы жаңа бұйрығымен шетелдіктердің Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алуына негіз болатын сұранысқа ие мамандықтар тізіміне және оны қалыптастыру қағидаларына маңызды өзгерістер енгізілді.

Құжатқа сай, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап заңнамаға «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік цифрлық порталы деген жаңа ұғым ресми түрде енеді. Бұл — Әлеуметтік кодекске сәйкес, жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді тоғыстыратын, кадрларды іріктеуді электронды әрі проактивті форматта жүзеге асыратын бірінші цифрлық платформа. Сәйкесінше, шетелдіктерге арналған мамандықтардың тізімі осы жаңартылған платформаның көмегімен, нақты деректерге сүйене отырып жасалады.

Мұндай маңызды тізімді түзу үшін уәкілетті орган үш түрлі бағыт бойынша терең талдау жүргізеді. Ең алдымен жұмыс берушілердің сырттан қандай мамандарды көбірек тартып жатқанын зерделеу үшін «Шетелдік жұмыс күші» автоматтандырылған цифрлық жүйесінің мәліметтері ескеріледі.

Бұдан өзге, Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесінің ережелеріне сай жасалған кадрлар қажеттілігінің ортамерзімді болжамы басшылыққа алынады. Осы талдаулардың соңғы нүктесі ретінде «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік цифрлық порталындағы бос жұмыс орындарының нақты көрсеткіштері назарға алынбақ. Аталған бұйрық, кейбір

тармақтарды қоспағанда, 2026 жылғы 12 маусымнан бастап ресми түрде күшіне енеді.

КӨШІ-ҚОНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Бүгінде шетелдік азаматтардың Қазақстанда тұрақты тұруына мүмкіндік беретін ел экономикасына ең қажетті кәсіп иелері бірнеше негізгі салаға ажыратылып отыр. Соның ішінде денсаулық сақтау саласы бағытында елімізге дәрігер-нейрохирург, дәрігер-гематолог, дәрігер-онколог, дәрігер-неонатолог және дәрігер-эндокринолог мамандары аса қажет. Сондай-ақ осы қатарда анестезиолог-реаниматологтар, дәрігер акушер-гинекологтар, дәрігер-педиатрлар мен дәрігер-сәулелік диагностика мамандарына да сұраныс жоғары.

Жаратылыстану ғылымдары, математика, статистика, инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары да білікті шетелдік күшін күтеді. Бұл бағытта органикалық заттар технологиясы бойынша инженер-зерттеушілер, фармацевтика өнеркәсібінің инженер-технологтары, пайдалы қазбаларды байыту бойынша инженер-зерттеушілер, авиация инженерлері және ғарыштық жүйенің аппараттық-бағдарламалық қамтылуы бойынша инженерлер қат.

Сонымен қатар жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі инженерлер, лазерлік жабдықтар бойынша мамандар, целлюлоза, қағаз, полиграфия және талшық өндірісі технологиясы бойынша инженер-зерттеушілер, инженер-медициналық радиохимиктер, инженер-медициналық физиктер, тоқыма шикізатының классификаторлары мен бактериологтар нарықтан өз орнын таппақ.

Қазіргі ең серпінді бағыт — цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі саласы болып отыр. Мұнда ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының архитекторы, бағдарламалық қамтылым архитекторы, бағдарламалық қамтылымды әзірлеуші мен бағдарламалық өнімдерді қолдау жөніндегі мамандарға есік ашық.

Бұған қоса, мобильді қосымшалар мен компьютерлік ойындарды әзірлеушілер, жасанды интеллект жөніндегі инженерлер, үлкен деректермен жұмыс істеу жөніндегі мамандар, ақпараттық жүйелер архитекторлары, дизайнерлер және басқасы бізге келсе, төрге озады.

Көші-кон заңнамасына енгізілген бұл өзгерістер — мемлекеттің еңбек нарығындағы тапшылықты жоюға бағытталған амалсыз шарасы, прагматикалық қадам. Бұл реформа Қазақстанға жұмыс күшін ғана емес, ел экономикасының инновациялық драйверіне айналатын жоғары білікті мамандарды тартуға жол ашады. Отандық нарықтың мұндай ашықтығы мен цифрлық бақылаудың үйлесімі — еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтудың бір кепілі болса игі.

НАРЫҚ

9 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстанда зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану үшін белгіленген жеткіліктілік шегі тағы да өсті. Бұл жолы көрсеткіштер бірден 79-100 пайыз аралығында көтерілген. Соның салдарынан БЖЗҚ-дағы жинағының бір бөлігін баспана алуға, ипотека төлеуге немесе емделуге жұмсай алатын азаматтардың қатары күрт азаймақ. Сарапшылар пікірі де екіге жарылып отыр. Бірі «зейнетақы жинағы – ай сайын жинап шешіп алатын депозит емес, қарттықтың қамын жасайтын құрал» дейді. Ал енді бірі «табысы төмен халық қаржысын бүгін қолдануға құқылы» деген пікірді алға тартады. Қордағы қаржы қымбатшылықтың құрбанына айналып бара жатқанын назарға алсақ, елдің елеңдейтіндей де жайы бар секілді.

Жаңа талапқа сәйкес, 20 жастағы азаматтың жинағында кемінде 6,67 млн теңге болуы қажет. 30 жастағылар үшін бұл көрсеткіш 9,75 млн теңгеге, 40 жастағылар үшін 13,37 млн теңгеге жеткен. Ал жасы ұлғайған сайын талап та күшейе түседі. Мәселен, 50 жастағы азаматтың шотында кемінде 17,59 млн теңге, ал 60 жастағы

дың үлесі небәрі 2,9 пайыз болды. Сандық мәнде бұл шамамен 328 мың адамға тең.

ХАЛЫҚ НЕГЕ НАРАЗЫ?

Зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану үшін белгіленген жеткіліктілік шегінің күрт көтерілуі қоғамда қызу талқыланып жатыр. Экономист Айбар Ол-

ЗЕЙНЕТАҚЫ ШЕГІ МЕН ШЕБІ

А Кәмила ДҮЙСЕН

адамның жинағында 22,5 млн теңге болуы керек.

БЖЗҚ түсіндіруінше, шектің көтерілуі болашақ зейнетақы төлемдерінің көлемін арттыруға бағытталған. Қордың мәліметінше, зейнет жасына жақындаған сайын адамға қажет болатын жинақ көлемі де ұлғаяды. Сондықтан зейнетақы шотында көбірек қаражат қалдыру көзделіп отыр.

Алайда жаңа талаптарға жету үшін азаматтардың ресми табысы қандай болуы керек деген сұрақ туындайды. Сарапшылардың есебіне сүйенсек, бүгінгі шекке жету, әсіресе жастар үшін өте күрделі міндетке айналып отыр. Мысалы, 20 жасында жинағында 6,67 млн теңге болуы үшін азамат еңбек жолын бастаған сәттен ай сайын шамамен 2,8–2,9 млн теңге көлемінде ресми жалақы алуы қажет. Қазақстандағы еңбек нарығын ескерсек, мұндай табыс жастардың басым бөлігі үшін қолжетімсіз. 30 жасқа қарай белгіленген

жайдың пікірінше, халықтың наразылығы – түсінікті құбылыс.


— Халықтың наразылығы түсінікті. Көп адам ай сайын қорға түсіп жатқан ақшаны ипотеканы жабуға немесе тұрғын үй мәселесін шешуге бағыттап отырды. Енді ол мүмкіндік айтарлықтай шектеліп қалды. Сондықтан адамдар бұл қаражатты өз ақшасы ретінде қабылдайды және оған қол жеткізу қиындаған сайын сұрақтар көбейеді. Мұндай реакцияны табиғи құбылыс деп бағалау керек. Өйткені көптеген отбасы осы тетік арқылы тұрғын үй мәселесін шешіп үлгерді, — дейді ол.

Осы пікірмен экономист Максат Халық та ішінара келіседі. Оның айтуынша, мәселенің түп-тамыры жеткіліктілік шегінің өзінде емес, халықтың табыс деңгейінде жатыр.

— Бұл мәселенің әлеуметтік желіде кәдімгідей дау туғызып жатқанын көріп отырмын. Бұған дейін де жеткіліктілік шегі халық үшін қолжетімсіз деңгейге көтерілген кездер болды. Сол уақытта да шекті көтермес бұрын халықтың нақты табысын арттыру қажет екенін айтқанбыз. Өйткені мәселе шектің

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша, деректемелері нақтыланған шоттар, мың шот



дағы инфляция күшейді. Дегенмен бұл тетік өз кезегінде экономикаға белгілі бір серпін берген антикризистік құрал ретінде маңызды рөл атқарды, — дейді Айбар Олжай.

МӘСЕЛЕ ШЕКТЕ ЕМЕС, ЖИНАҚТЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫНДА

Максат Халықтың пікірінше, бүгінгі даудың негізгі себебі жеткіліктілік шегінен де тереңде жатыр. Ол зейнетақы жинақтарының табыстылығы мен қор активтерін басқару сапасына қатысты мәселелерді көтереді.

— Ұзақ уақыт бойы зейнетақы қорындағы жинақтардың табыстылығы инфляциядан төмен болып қалды. Демек, халықтың жинаған ақшасының бір бөлігін инфляция жеп қойды деген сөз. Бүгінде зейнет жасына жеткен азаматтардың қолына түсіп жатқан қаражат көлеміне көңілі толмайтынын көріп отырмыз. Сондықтан ең үлкен мәселе — жинақтың дұрыс басқарылуы, дұрыс инвестициялануы және сақталуы. Егер қаражат тиімді жұмыс істемесе, жеткіліктілік шегін қанша өзгерткенмен түбегейлі мәселе шешілмейді, — дейді сарапшы.

Оның айтуынша, қор активтерінің басым бөлігі мемлекеттік облигациялар мен қазыналық құнды қағаздарға салынғандықтан, олардың табыстылығы шектеулі болып отыр.

— Менің ойымша, зейнетақы қорындағы активтерді басқару тәсілін де қайта қарау қажет. Қазір бұл қаражаттың едәуір бөлігі мемлекеттік облигациялар мен қазыналық құнды қағаздарға салынып отыр. Әрине, мұндай құралдар тұрақты саналады, бірақ олардың кірістілігі салыстырмалы түрде төмен. Сондықтан инвестициялық портфельді әртарапандыру мәселесіне көбірек көңіл бөлінуі керек. Мысалы, халықаралық ірі компаниялардың акцияларына инвестиция салу мүмкіндігін кеңейткен жөн. Ең бастысы, зейнетақы активтері инфляциядан жоғары табыс әкелетіндей саясат қалыптастыру қажет, — дейді Максат Халық.

Сарапшының пікірінше, мәселені тек зейнетақы жүйесі арқылы шешу мүмкін емес. Ол үшін халықтың табысын арттыру, инфляцияны тежеу және ұзақмерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Сонда ғана жеткіліктілік шегі төңірегіндегі даулар азайып, азаматтардың болашақты зейнетақысына деген сенімі күшеймек.

Андрей Чеботаревтің сөзінше, зейнетақы қаражаты қорда қалуға тиіс деген ұстаным БЖЗҚ жұмысына сын айтылмауы керек дегенді білдірмейді. Оның пікірінше, азаматтардың жинағын қорғаудағы басты міндеттің бірі — қаражаттың нақты табыстылығын қамтамасыз ету.

— Ақшаның қорда қалғаны дұрыс, бірақ бір шартпен ғана: ол ақша тиімді жұмыс істеуі керек. Қазір қор портфелінің едәуір бөлігі қазақстандық мемлекеттік бағалы қағаздарға шоғырланған. Мұндай құралдар қауіпсіз болғанымен, табыстылығы жоғары емес. Сондықтан халықаралық нарықтарға, баламалы активтерге және ұзақмерзімді табыс әкелетін құралдарға көбірек инвестициялау қажет. Инфляция жоғары жағдайда жинақтың нақты құнын сақтау үшін инвестициялық саясатты жаңарту керек, — дейді Андрей Чеботарев.

Оның сөзінше, мәселенің түйіні мерзімінен бұрын алу мүмкіндігін кеңейту емес, жинақтардың тиімді басқарылуында жатыр. Егер қор активтері инфляциядан жоғары табыс әкелсе, азаматтардың да зейнетақы жүйесіне деген сенімі арта түсер еді.

ИНФЛЯЦИЯ V/S ИНВЕСТИЦИЯ

Бірақ бүгінгі ахуал басқаша, өйткені қордың инвестициялық қызметі биыл айтарлықтай жоғары табыс көрсете алмағанын байқап отырмыз. Мәселен, БЖЗҚ мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қордағы зейнетақы активтерінің көлемі 25,7 трлн теңгеге жеткен. Жыл басынан бері қордың инвестициялық табысы 5,7 млрд теңгені құрағанымен, таза инвестициялық табыс 2,3 млрд теңге көлемінде теріс көрсеткіш көрсетіп отыр. Соған қарамастан зейнетақы активтерінің жалпы табыстылығы нөл пайыз деңгейінде қалыптасты.

Қор мұны ұлттық валютаның нығаюымен түсіндіреді. Жыл басынан бері теңге АҚШ долларына қатысты 8,4 пайызға күшейіп, доллар бағамы 505 теңгеден 463 теңгеге

дейін төмендеген. БЖЗҚ портфелінің бір бөлігі шетел валютасындағы активтерге орналастырылғандықтан, теңгенің нығаюы олардың теңгемен есептегендегі құнын азайтқан. Нәтижесінде, бағамдық қайта бағалау әсерінен инвестициялық нәтижеге теріс ықпал еткен.

Дегенмен қордың басқа бағыттардағы кірістері оң болып қалды. Бағалы қағаздар бойынша сыйақы, купондық төлемдер мен дивидендтерден табыс түсті, алайда валюталық фактор бұл өсімнің басым бөлігін өтеп жіберген. БЖЗҚ ұзақмерзімді көрсеткіштерге қарап қорытынды жасамауға шақырады. Қор дерегіне, соңғы 12 айда зейнетақы активтерінің табыстылығы 8,57 пайызды құрап, салымшылар шоттарына 2 трлн теңгеден астам инвестициялық табыс есептелген.

ЖЕТКІЛІКТІ ШЕКТІ АЙНАЛЫП ӨТУДІҢ АМАЛЫН ТАҒАНАДАН БАР

Жеткіліктілік шегінің көтерілуі барлық салымшыға бірдей әсер етпейді. БЖЗҚ деректеріне сәйкес, соңғы бес жылда 252 мыңға жуық қазақстандық зейнетақы аннуитет рәсімдеп, жинақтарының бір бөлігін сақтандыру компанияларына аударған. Осы кезеңде аударылған қаражат көлемі 1,12 трлн теңгеден асты. Әсіресе, 2024–2025 жылдары аннуитетке қызығушылық күрт өсіп, аударымдар рекордтық деңгейге жетті.

Қолданыстағы заңнама бойынша аннуитет шартын жасаған азаматтар үшін БЖЗҚ-дағы жеткіліктілік шегі нөлге теңестіріледі. Соның нәтижесінде салымшы тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделу немесе білім алу сияқты мақсаттарға қол жеткізіп, зейнетақы жинағын пайдалана алады. Аннуитет дегеніміз — жинақтың бір бөлігін сақтандыру компаниясына аударып, оның орнына өмір бойы ай сайынғы төлем алу тетігі.

Бұл құралдың артықшылықтары да бар. Азаматтар зейнетақы төлемдерін ресми зейнет жасына жетпей ала бастайды, ал сақтандыру компаниясы төлемдерді өмір бойы жүргізуге міндетті. Алайда аннуитет рәсімделгеннен кейін қаражаты БЖЗҚ-ға қайтару мүмкін емес, ал төлемдердің индексациясы әрдайым инфляцияны толық өтей бермейді.

Сонымен қатар бұл мүмкіндік барлық азаматқа қолжетімді емес. Ер адамдар аннуитет рәсімдеу үшін кемінде 9,1 млн теңге, әйелдер 11,9 млн теңге жинақтауға тиіс. Ал БЖЗҚ мәліметінше, 2025 жылдың басында бір салымшының орташа жинағы небәрі 1,96 млн теңгені құраған. Сондықтан аннуитеттің өзі де әзірге қазақстандықтардың шағын бөлігі үшін ғана қолжетімді қаржы құралы болып отыр.

ҚОРДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ


Жалпы алғанда, жыл басынан бері қорға міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен 965,7 млрд теңге түскен. Сонымен қатар жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары бойынша тағы 219,2 млрд теңге аударылып, осы бағыттағы жинақ көлемі 1 трлн теңгеден асты. Жылдың алғашқы төрт айында БЖЗҚ салымшыларға 522,7 млрд теңге төледі. Қазір қорда 12,6 млн-ға жуық жеке зейнетақы шоты тіркелген. Оның ішінде 11,3 млн шот міндетті зейнетақы жарналарына тиесілі. Сондай-ақ жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары бойынша 5,8 млн-нан астам шартты шот ашылған.

БЖЗҚ деректері зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі 31–60 жас аралығындағы азаматтардың қолында шоғырланғанын көрсетеді. Ең көп салымшы 31–40 және 41–50 жас топтарында тіркелген. Жалпы алғанда, қор активтері мен жарналар көлемі өсіп келе жатқанымен, қомақты жинақ қалыптастыру үшін азаматтарға ұзақ жылдар бойы тұрақты еңбек өтілі мен үздіксіз аударым қажет болып отыр.

Бір кезде тұрғын үй мәселесін шешудің тиімді құралына айналған зейнетақы жинағы енді қайтадан өзінің бастапқы міндетіне — қарттықты қамтамасыз ету функциясына оралып жатқанды. Алайда бұл өзгерістің қаншалықты сәтті болатынын жана шектерге емес, азаматтардың табысы қаншалықты өсетініне және қордағы қаражаттың қаншалықты тиімді басқарылатынына байланысты болмақ. Өйткені болашақ зейнетақының көлемін бүгінгі жеткіліктілік шегіне қарағанда қаншалықты өсітіні де анықтайды.

ЖИНАҚ БАР ШОТТАРДЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША



9,75 млн теңгелік шекке жету үшін де жағдай оңай емес. Сарапшылардың есептеуінше, азамат 18 жасдан бастап үздіксіз жұмыс істеп, ай сайын шамамен 630–650 мың теңге көлемінде ресми табыс көрсетуі тиіс. Ал еңбек жолының алғашқы жылдарында мұндай жалақы алатындардың саны аз.

Айта кетейік, бұл — биылғы екінші өзгеріс. Бұған дейін 2026 жылдың қаңтарында жеткіліктілік шегі 10 пайызға көтерілген болатын. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мұндай шешімді болашақ зейнетақының мөлшерін сақтау қажеттілігін түсіндіреді. Ведомствоның мәліметінше, соңғы бес жылда қазақстандықтар БЖЗҚ-дан шамамен 5 трлн теңге қаражат алған. Оның басым бөлігі жастардың үлесіне тиесілі. Министрлік өкілдері мұндай үрдіс жалғаса берсе, болашақта көптеген азаматтың жинағы жеткіліксіз болып, тек ең төменгі базалық зейнетақымен шектелу қаупі бар екенін айтады.

БЖЗҚ-ның соңғы жариялаған 2024 жылғы есебі қазақстандықтардың басым бөлігін зейнетақы жинағы әлі де салыстырмалы түрде төмен деңгейде екенін көрсетеді. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинағы бар шоттардың жартысынан астамында 1 млн теңгеден аз қаражат жиналған. Қор мәліметіне сәйкес, салымшылардың 50,4 пайызының немесе шамамен 5,6 млн адамның шотындағы жинақ көлемі 1 млн теңгеге жетпейді. Ал 1 млн теңгеден 3 млн теңгеге дейін жинағы бар азаматтардың үлесі 26 пайызды немесе 2,9 млн адамды құрайды.

Сонымен қатар салымшылардың 11,5 пайызында 3–5 млн теңгеге дейін қаражат жиналған. Бұл шамамен 1,3 млн шотқа тең. Ал шотында 5–8 млн теңгеге дейінгі қаржысы бар азаматтардың саны 1 млн-нан асады немесе барлық салымшылардың 9,1 пайызын құрайды.

Ең жоғары санатқа жататын, яғни шотында 8 млн теңгеден астам қаражаты бар азаматтар-

жоғары болуында емес. Негізгі мәселе азаматтардың зейнетақы қорына жеткілікті қаражат жинай алмай отырғанында. Бұл — ең алдымен, халық табысының деңгейіне байланысты жағдай, — дейді сарапшы.

ШЕКТІ КӨТЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Жаңа шектерге қатысты пікірталас көп болғанымен, сарапшылар оның белгілі бір экономикалық негізі бар екенін де жоққа шығармайды. БЖЗҚ жеткіліктілік шегін есептеген кезде адамның жасы, болашақтағы өмір сүру ұзақтығы, күтілетін инвестициялық табыс және зейнетке шыққаннан кейінгі қажетті көлемі ескеріледі.

Айбар Олжай бұл шешімнің түпкі мақсаты зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану тәжірибесін біртіндеп тоқтату болуы мүмкін деп есептейді.

— Негізгі идеясы — осы тетікті біртіндеп тоқтату. Бірақ бағдарламаны бірден жауып тастау оңай емес, өйткені оған байланысты заңнамалық жұмыстар көп жүргізілуі керек. Ал жеткіліктілік шегін көтеру үшін бір ғана бұйрық жеткілікті. Сондықтан қазір ең оңай әрі жылдам жол осы болып тұр. Меніңше, бұл шешім тіпті кеш қабылданды. Негізі, екі жыл бұрын не бағдарламаны жабу керек еді, не жеткіліктілік шегін көтеру қажет болатын, — дейді экономист.

Ал Максат Халық есептеу тәсілінің өзіне үлкен күмән келтірмейді.

— Зейнетақы жүйесінде актуарлық есептер қолданылады. Онда адамның зейнетке шыққаннан кейінгі өмір сүру кезі есептеледі және сол уақытқа жететін қаражат көлемі анықталады. Сондықтан қазіргі есептеулердің өзіне күмән келтіре алмаймын. Өйткені соңғы жылдары инфляция жоғары болды, өмір сүру құны айтарлықтай өсті. Мұның барлығы ұзақмерзімді болжамдарға әсер етеді. Сол себепті жеткіліктілік шегінің өсуінің белгілі бір экономикалық негізі бар деп ойлаймын, — дейді ол.

ӨЗЕКТІ

9 MAUCЫM 2026 | СЕЙСЕНБІ

Әлемдік сауда картасы қайта сызылып жатыр. Аумалы-төкпелі геосаяси ахуал Транскаспий транзит жолының маңызын арттырды. Орта дәлізге Еуроодақ миллиардтап қаржы құюға дайын. Қытай да жүк тасымалының бір бөлігін осы бағытқа бұра бастады. Мүдделер тоғысқан мұндай жағдайда Қазақстан батыс пен шығысты жалғайтын логистикалық держава бола ала ма?


А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Алдымен қысқаша анықтама. Орта дәліз — құрлық-теңіз-құрлық тізбегін құрайтын аралас желі. Ресми құжаттарда бұл жоба Транскаспий халықаралық көлік бағыты деп аталады. Шамамен 11 мың шақырымдық маршрут Қытайдан басталады. Еуропаға жөнелетін тауарлар Сиань, Чунцин, Үрімжі, тағы басқа ірі өнеркәсіп ошақтарында пойызға тиеледі. Ол пойыздар Қазақстанға «Достық» пен «Алтынкөл» бекеттері арқылы кіріп, Ақтау және Құрық порттарына барады. Теңіз айлағында транзиттік тауар вагондардан түсіріліп, паромдарға не Ro-Ro кемелеріне артылады. Кемелер Каспий теңізін кесіп өтіп, Әзербайжандағы Алят портына тұмсық тереиді. Одан әрі жанағы жүк Грузияның Батуми, Поти порттарына пойызбен жеткізіледі де, Еуропаға Қара теңізбен немесе Баку — Тбилиси — Карс теміржол желісімен апарылады.

Украинадағы соғысқа дейін Қытай мен Еуропа арасындағы құрлық транзитінің 86 пайызы Ресей аумағын басып өтетін Солтүстік дәліздің еншісінде еді. Ресейге санкциялар салынған соң Maersk, MSC, DHL сынды логистикалық компаниялар аталмыш бағыттан бас тартты. Сөйтіп, Транссібір теміржолы транзиттік тартымдылығынан айырылды. Еуропа мен Қытай жүк тасымалын әртарапандыруға көшті. Әлем алпауыттары Ресей маршрутына балама бағыт деп Орта дәлізге баса назар аударды. 2021 жылы Транскаспий жолы арқылы шамамен 1,5 млн тонна жүк тасымалданса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 2,5 млн тоннаны өткерді. 2023-2024 жылдары транзит ағыны тоқтаусыз өсіп, 2,8-3,8 млн тоннаға жуықтады. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша 2030 жылға таман Орта дәліздегі тасымал көлемі 11 млн тоннаға жетуі мүмкін. Халықаралық трейдерлер үшін Орта дәліз жай бір арзан бағыт емес, геосаяси тұрғыдан қауіпсіз бағытқа айналды. Солтүстік дәліз әлі жұмыс істеп тұрса да, санкциялық һәм репутациялық тәуекелдер бизнес иелерін Транскаспий транзитін таңдауға итермеледі.

Орта дәліз — құр экономикалық жоба емес, Еуразияның қажет жүрегіндегі ықпал ету тетіктерін қайта бөлосу құралы. «Әр кәллада бір қиял» демекші, мұнда әр ойыншының өз мүддесі бар. Мәселен, Еуроодақ 2022 жылға дейін бұл бағытқа сырттай бақылаушы көзімен қарап келсе, Украина соғысы басталғаннан кейін Брюссельдің ұстанымы түбегейлі өзгерді. Кремльдің энергетикалық ресурстарды саяси қару есебінде қолданып, газбен бопсалауы Кәрі құрлықты едәуір есенгіретті. ЕО басылымғы Мәскеуге логистикалық тәуелділік өз экономикасына қатер төндіретінін түсінді. Сондықтан Ресейді айналып өтіп, Азия нарығына шығатын бірден-бір құрлық жолы Орта дәліз ғана болып қалды. ЕО осы бағытты күшейтіп, ең алдымен Ресейдің транзиттік табысын шектеуді және геосаяси маңызын арттыруды мақсат етеді. Орта дәліздегі ережелер мен стандарттарды еуропалық талаптарға (цифрландыру, жасыл логистика, ашық тендерлер) сай қылғысы келеді. Сонымен қатар ЕО аймақтағы стратегиялық шикізат қорына қол созып отыр. Орталық Азия жері литий, кобальт, никель, уран, титан сынды сирек металдарға бай. Бұл элементтер роботтық техника құрастыруда, жасанды интеллект өнімдерін жасауда, жасыл экономика құрылғыларын өндіруде кенінен қолданылады. ЕО бұған дейін сирек металдарды көбіне Қытайдан өнделген күйінде сатып алатын не Ресей арқылы таситын. Енді Орта

ОРТА ДӘЛІЗ: МҮДДЕ ЖӘНЕ МҮМКІНДІК



дәліз аса қажет шикізатты ешқандай делдалсыз иеленуге септеседі. Осылайша, Еуропа өзінің технологиялық қауіпсіздігін қорғамақ.

Қытай Орта дәлізді «Бір белдеу — бір жол» жобасының стратегиялық бір тармағы деп қарастырады. Ресей мен Батыстың текетіресі Бейжіңнің Транскаспий бағытына қызығушылығын күрт күшейтті. Солтүстік дәліз бойындағы сауда көлемі 2022 жылдан бері екі еседі қысқарып, қайта бөлінген жүк ағынының бір бөлігі Орта дәлізге ауысқан. ҚХР экспорты мен импортының 80 пайыздан астамы теңіз жолдарына тәуелді. Қытайдың жүк кемелері батысқа Малакка бұғазы арқылы өтеді. Сарапшылардың пікірінше, қазір алыстан арбасып отырған АҚШ пен Қытай шаппа-шап ұстасып қалған жағдайда Американың әскери-теңіз флоты Малакка бұғазын бір-ақ күнде бұғаттай алады. Бұл Қытай экономикасын буындарып өлтіргенмен бірдей. Бұғаз маңындағы елдердің АҚШ бастаған коалицияға бүйрегі бұратынын ескерсек, мәселенің мәні ашыла түседі. Қызыл теңіздегі хуситтер шабуылы да Суэц каналына байланған дәстүрлі теңіз жолының тиімділігіне нұқсан келтірген. Ал Өзбекстан — Түрікменстан — Иран — Түркия бағытындағы Оңтүстік дәліз Тегеранға қарсы санкциялардың салдарынан, Таяу Шығыстағы созылмалы соғыстардың кесірінен қауіп-қатерге толы. Осындай геосаяси тұзақтар Орта дәліздің маңызын арттырады. Әрине, Қытай Солтүстік дәлізден де, Оңтүстік дәлізден де біржолата бас көшпейді. Оның орнына Орта дәлізді осы екеуіне бәсекелес әрі балама бағыт ретінде пайдаланбақ. Сонда Бейжің АҚШ бақылауындағы теңіз жолына да, Ресей бақылауындағы Транссібір теміржолына да тәуелді болмайды. Қытай үшін Орта дәліз «қауіпсіздік белбеуі» іспетті. Алда-жалда Ресей транзит тарифын шарықтатып жіберсе, Америка теңізде блокада құрса, Қытай жүк ағынын Транскаспий жолына бұра салады. Керісінше, Орта дәлізде кептеліс болса, Солтүстікке немесе Оңтүстікке ауыса қояды.

Қазақстан бұдан не ұтады? Бірінші кезекте Орта дәліз — көпекторлық саясаттың экономикалық көрінісі. Дөңгелек алымы, лоукост қызметтері тәрізді транзиттік дивидендтер өз алдына, порттардың дамуы, жаңа теміржол желілері, логистика саласындағы жұмыс орындары, қойма мен кеден түсімдері, цифрлық сервистер мемлекеттің қазынасын молайтады. Маңғыстау, Атырау облыстарының инфрақұрылымы жаңа серпін алады. Бүгінде Ақтау мен Құрық төңірегінде арнаулы экономикалық аймақтар, логистикалық хабтар құрыла бастады. Еліміз Ресейге жалтақтамай, өз мұнайын, уранын, астығын, металлургия өнімдерін Еуропа нарығына тікелей шығаруға қол жеткізеді. Қазірдің өзінде «КазМұнайГаз» компаниясы Ақтау — Баку — Джейхан бағытымен мұнай тасымалын ұлғайтып жатыр. Орта дәліз Қазақстанның геосаяси салмағына да әсер етеді. Біріншіден, біз Қытай мен Еуропаны жалғайтын көпір қызметін атқарамыз. Екіншіден, түркі дүниесімен байланысымыз нығаяды. Үшіншіден, қиян кеністікте, теңіз жолдарынан шалғайда орналасқан, географиялық тұрғыда түйықталған тығыздықтан құтылып, құрлықаралық маңызды транзит желісіне айналамыз. ЕО мен АҚШ бұрын Қазақстанды шикізат көзі деп қабылдаса, бұдан былай бізбен стратегиялық серіктес деп санасады. Себебі транзит жолындағы Қазақстанның саяси тұрақтылығына өздері мүдделі болады. Ресейге логистикалық тәуелділіктің төмендеуі Астананың сыртқы саясаттағы маневр еркіндігін кеңейтеді. Мысалы, БҰҰ-да дауыс беру кезінде ұлттық мүддеге сүйенетін дербес позиция ұстануымызға жол ашылады.

Бірақ таяқтың екінші басын да ескеру керек. Кремль Ақорданың бұл қадамын Батыспен ымыраласу Ресейден алыстау амалы деп бағалап, КТК (Каспий құбыр консорциумы) жұмысын техникалық сылтаулармен бөгеу, шекарадағы санитарлық қадағалауды қатандатып, қазақстандық өнімдерді өткізбей қою, ақпараттық кеңістікте провокацияның шоғын үрлеу сияқты жанама қысым тетіктерін қолдану мүмкін. Жалпы, Ресей империясы мен КСРО заманынан бері Мәскеу Орталық Азияның сыртқы өлеммен байланысын бақылауда монополист болды. Әрбір өнім терістікке қарай бағытталуға тиіс еді. Орта дәліз осы тәртіптің күлін көкке ұшыратын сынайлы. Қытай да, Еуропа да, Орталық Азия да Кремльдің қасқабағына қарамай-ақ жүк тасымалдауын балама жол тапты. Ресми Мәскеу Каспий теңізін құлды бір өз жеріндегі ішкі көлі есебінде көріп келген. Алайда Ақтау, Баку және Түркменбашы

бақылаудан өтуге тиіс. Әр елдің өз теміржол компаниясы, өз ережесі, өз тарифтік саясаты бар. Бәрінің құқықтық-нормативтік заңнамасын бір жүйеге жұмылдыру қиямет-қайым шаруа. Бір-келкі цифрлық құжат айналымы болмағандықтан, тауарлар шекарада көп бөгеледі. Бюрократиялық тосқауылдардан бөлек, Қытай мен Қазақстан, Грузия мен Түркия арасындағы теміржол рельстері де бір-бірімен сәйкеспейді. Мұндай техникалық айырмашылық шекарада жүкті қайта тиеуге немесе вагон арбашаларын алмастыруға мәжбүрлейді.

Қайта тиеу демекші, логистикадағы ең қымбат және ең қауіпті процесс — жүкке қол тигізу. Қайта тиелген тауардың ұрлану, зақымдану, шатасу, жоғалу ықтималдығы жоғарылайды. Орта дәлізде осы трансбордаж процесі жиі қайталанатын. Қытайда бір тиелген жүк пойыздан түсіріліп, Каспий теңізінде кемеге артылады, Әзербайжанда қайта-



Күрмеуі қиын ең күрделі түйткіл — дәліз бойындағы мемлекеттердің тым көптігі және бірыңғай экономикалық кеңістіктің жоқтығы. Салыстырсақ, Солтүстік дәлізде транзит көліктері екі-ақ кедендік шекарадан өтеді (Қытай — ЕАЭО және ЕАЭО — ЕО). Орта дәлізде жүк Қытайдан шығып, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы Еуроодаққа жеткенше 5-6 кедендік бақылаудан өтуге тиіс. Әр елдің өз теміржол компаниясы, өз ережесі, өз тарифтік саясаты бар.

порттарының белсенді интеграциясы Каспийді Ресейден тәуелсіз халықаралық су айдынына айналдырды. Солтүстік дәліз өстіп құрдымға құлдырай берсе, Ресей миллиардтаған доллар транзиттік табысын ғана емес, Еуразиядағы ең басты көпір деген мәртебесін де жоғалтуы ықтимал. Дегенмен арқаны кенге салатын жөніміз жоқ. Орта дәліздің негізгі тауар операторы — Қытай. Егер ертен Астана мен Бейжің арасында қандай да түсініспеушілік туындаса, Қытай жүк топанын тоқтатып немесе басқа бағытқа бұрып, Қазақстанның транзиттік инфрақұрылымын қаныратып тастай алады. Яғни, ескі тәуелділік құрсауынан құтылып, жаңа тәуелділікке түсу қаупі бар. Қалай десек те, геосаяси тепе-теңдікті сақтауда Астанаға асқан дипломатиялық даналық қажет.

Орта дәліздің әлеуеті дегенде әуелі оның уақыт жағынан ұтымдылығы ойға оралады. Мәселен, Суэц каналы арқылы жүретін 22 мың шақырымдық теңіз жолының ұзақтығы — 45-48 күн. 11 500 шақырымдық Транссібір теміржолымен тауар диттеген жеріне 14 күнде барады. Ал Орта дәліздің жеткізу мерзімі инфрақұрылымды цифрландыру және порттарды үйлестіру нәтижесінде 28-32 күннен 13-17 күнге дейін азайған деп хабарлайды Көлік министрлігі. Болашақта бұл межені тіпті 10-12 күнге дейін қысқарту жоспарланған. Бірақ еуропалық Rail Bridge Cargo компаниясы Орта дәлізбен жүк тасымалдау уақытын 15-35 күн деп бағалап отыр. Өйткені көңілдегі көрікті ойды кейде өмірдегі нақты кедергілер бұзады.

Күрмеуі қиын ең күрделі түйткіл — дәліз бойындағы мемлекеттердің тым көптігі және бірыңғай экономикалық кеңістіктің жоқтығы. Салыстырсақ, Солтүстік дәлізде транзит көліктері екі-ақ кедендік шекарадан өтеді (Қытай — ЕАЭО және ЕАЭО — ЕО). Орта дәлізде жүк Қытайдан шығып, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия арқылы Еуроодаққа жеткенше 5-6 кедендік

құрылып жатыр. Кемелер аздығынан Ақтау мен Құрық порттарында контейнерлер апталап тұрып қалады.

Логистикадағы ең жаман нәрсе болжаусыздық десек, Каспийдегі ауа райының құбылмалы мінезі ахуалды тіптен ауырлатады. Теңізде күз, қыс айларында жел қатайып, дауыл соққанда порттар жұмысын тоқтатады, паромдар ашық теңізге шыға алмайды. Мұздың қатуы да жүк тасымалын біршама тежейді. Соңғы жылдары Каспийдің суы жылдам тартылып барады. Порттардың жағалау шегі 50-150 метрге дейін шегініп, су деңгейі 1,5-2 метрге төмендеп кеткен. Ірі кемелер аймаққа кіргенде қайраңдап қалудан қорқып, тауарды толық тиемей, 70-80 пайыз жүкпен ғана жүзуге тырысады. Бұл мәселелерді шешу үшін Астана мен Баку порттарды тереңдету жұмысын тездетіп, бірлескен кеме қатынасы консорциумын құрып, кемелер санын кемінде үш есе көбейтуі керек. Әйтпесе, Каспий теңізі Орта дәліздің дамуын тұтсап тұратын «бөтелке мойны» (bottleneck) синдромынан арылмайды.

Рас, көз қуанып, көңіл орнығатын жетістіктер де көп. Ішкі қаржыландыру мен шетелдік инвестициялардың арқасында транзитті баяулататын кейбір бөгеттер жойыла бастады. Көлік министрлігінің дерегінеше, Ақтау портында контейнерлік хабтың құрылысы бітіп, Құрық портының №1 айлағында көтерме-өтпелі көпір қанартылған. Грузияның Поти портында қуаттылығы 120 мың ЖФӨ-ге тең қазақстандық терминал іске қосылған. Еуроодақ Ақтау портындағы №3 және №12 аймақтарды қайта жаңғырту жобасына грант бөлді. Бұл қаражат қолыңсыз ауа райында теңіз порттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге, соның ішінде желге төзімді STS-крандарын, тиеу-түсіру техникасын сатып алуға бағытталады. Сауда флотын дамыту шеңберінде Baku Shipyard кеме жасау зауытында екі контейнер тасымалдаушы кемеге тапсырыс берілді. 2027 жылы тағы 6 жүк кемесін екеду көзделген. Үкімет теміржол саласында ұзындығы 2 мың шақырымнан асатын инфрақұрылымды жаңғыртуға кіріскен. Бытыр жалпы ұзындығы 911 шақырымдық жобаның жұмысы аяқталды. Құрық порты акваториясында судың түбі тереңдетіліп болды. Биыл осындай тереңдету жұмысы Ақтау портында жүзеге аспақ. Сондай-ақ Құрық портында БАӘ-нің Abu Dhabi Ports Group компаниясымен бірлесіп, қуаттылығы 5 млн тонналық «Саржа» көпфункционал терминалының құрылысы жүріп жатыр. 2025 жылдың өзінде контейнерлік жүк тасымалы 36 пайыз өсіпті. Жүйені үйлестіру мақсатында Smart Cargo бірыңғай цифрлық басқару платформасы әзірленген. Аталмыш жоба әкімшілік шығындарды онтайландырып, жүк құжаттарын мейлінше ашық рәсімдеуге көмектеседі. Міне, министрліктің мәліметі осындай. Ең бастысы, еліміз жай ғана «өтпелі жол» рөлін місе тұтып отырмай, шын мәніндегі хаб атануға ұмтылғаны абзал. Ол үшін билік инфрақұрылымнан сервиске көшуі керек. Бұлайша айтқанда, тек теміржол төсеп, терминал салумен шектелмей, Amazon, Alibaba типтес халықаралық алып маркетплейстердің Еуразиядағы ірі дистрибуторлық қоймаларын Қазақстан аумағында ашуға жағдай жасауы керек. Содан соң Орта дәліз бойындағы арнаулы экономикалық аймақтарда Қытай мен Еуропа бөлшектерінен дайын өнім құрастыратын (машина жасау, электроника, фармацевтика) кластерлік кәсіпорындар құруға тиіс. Тауар Қазақстанға шикізат немесе бөлшек болып кіріп, дайын өнім болып шыққанда ғана еліміз нағыз хабқа айналады.

Айтпақшы, кейбір сарапшылар Қазақстанның Орта дәлізге шамадан тыс инвестиция тоғуын бос әурешілік деп сынайды. Олардың ойынша, Орта дәліз қанша дамыса да, Қытай — Еуропа транзитінің ең көп дегенде 5-10 пайызын ғана қамтуға қауқарлы болады екен. Иә, әлемдік сауданың 80-90 пайызы теңіз жолдарымен тасымалданады. XV-XVI ғасырларда Ұлы жағрапиялық жаңа ашықтар құрлықтағы Жібек жолын тарих сахнасынан қалай ығыстырса, XXI ғасырдағы жаһандық алыс-берістің табиғаты да дәл сондай заңдылықтарға бағынады. Бірақ жалаң математикаға жүгінесек, Ұлы Жібек жолындағы түйелер де бидай, көмір, ағаш сияқты миллиондаған тонна арзан тауарларды тасыған жоқ. Ауыр жүктер дүниенің бір қиырынан екінші қиырына Жерорта теңізі, Үнді мұхиты арқылы кемелермен жеткізілетін. Жібек жолында жібек маталар, дәмдеуіштер, фарфор ыдыстар, асыл тастар ғана жүрген. Керуен шығынын тек осындай «премиум» тауарлар ақтайтын. Қазіргі Орта дәлізбен өтетін жүктің негізгі бөлігін де қымбат электроника, автобөлшектер, жоғары технологиялық өнімдер құрайды. Әрі-беріден кейін транзиттік бағыттың маңызы тауар көлемімен емес, стратегиялық қажеттілігімен өшенеді.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

9 MAУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 2026 жылғы 21 мамырдағы №56 санда. Соңы)

Ермековтің өзін «ұлтшыл-фашист», «жапон барлауының агенті» деп «мойындауы», өмірде мүлде болмаған, есімі «ойдан шығарылған әлдебір «Като» дейтін капитанмен байланысы да – тергеушінің қиялынан туған шатпақтар.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
заң ғылымының докторы, профессор, академик



«ЖАПОН ТЫҢШЫЛАРЫ»

ҚАЙДАН? ШЫҚТЫ.

Марковтың ойына келгенін істегені соншалық, оған «Като» деген жалғыз жапон барлаушысы аздық етіп, оның жанына «Сато» есімді тағы бір офицер және Петров дейтін «связнойды» қосақтаған.

Жаналғыш тергеушіге бұл да жетпеген сияқты. Ол Ермеков «жауабына»: «В разное время мною лично в качестве агентов японской разведки завербован Ауэзов Мухтар — писатель, которого я еще в 1925 году лично связал в г. Москве с капитаном Като и Петровым», — деген М.Әуезовке қатысты тағы бір сандырақ қосады. Бұл болашақ ұлы жазушының тағдырын жар басына өкпе тірейді.

НКВД тергеушілері «жапон тыңшыларын әшкерелеу» жоспарын орындау үшін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамбетов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Е.Омаров, А.Козыбағаров, Ә.Сәтбаев, тағы басқа қайраткерлерді дәл осындай жолмен «мойындатып», олардың бәрін ату жазасына кеседі.

Тергеу материалдарымен танысу барысында тағылған айыптар мен азаптау тәсілімен алынған «мойындауларды» оқудың өзі қиын. Саясаттан бойын аулақ салып, ешбір лауазымды қызмет атқармаған қазақтың ауулы ақыны, жас Мұхтар Әуезовке «Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемінді» айтқызып Мағжан Жұмабаевты сұмдық азаптауға салып: «завербовав меня шпионом в пользу Японии, Букейханов поручил мне вести работу среди казахской молодежи», — деген «мойындауларға» қол қойдырады. Мағжан «мойындауларындағы»: «Япония, этот могущественный монгол, рано или поздно интервирует все пространства от Великого океана до Уральских гор», — деген жапондарды «монгол» деп кекетіп көрсеткен ғылымға жат, қисынға келмейтін келемежді одан жауап алған надан тергеушілер түсінбеген. Қайткенде Мағжаннан «жапон тыңшысы» жасауды мақсат еткен тергеушіге ол қажет емес еді.

Алаш қайраткерлерінің бәрі дерлік жазықсыз құрбан болған соң жендеттер арандарын революцияның төл перзенттері — коммунист басшыларға қарай ашады. Оларды жантүсігерлік азапқа салып, Ермековті «мойындатқан» тәсілмен өздеріне қажет құжаттарға қол қойдырады.

Кенес өкіметінің алғашқы жылдары Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төркеұлов сияқты қайраткер тұлғалар одақтық деңгейде танылды. Егер Т.Рысқұлов Ресей үкіметі төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілсе, С.Қожанов республика партия ұйымының 2 хатшысы дәрежесіне дейін өсті. Сұлтанбекті Сталин жақсы білетін.

Жапон тыңшыларын әшкерелеу науқанында асқан белсенділік танытқан НКВД басшысы Н.Ежов Қазақстандағы әшкерелеу жұмысының жоғары деңгейде жүргізіп жатқанын көрсету үшін С.Қожановты ұрып-соғып, азаптау арқылы алынған «мойындатуды» 1937 жылдың 31 шілдесінде Сталиннің алдына қояды. Әрине, ондағы Ежовтың тапсырмасымен НКВД тергеушілері жазған шындыққа мүлде сәйкес келмейтін сандырақтарды Сұлтанбек Қожановтың арлы азаматтың айтуы мүмкін емес екені белгілі. Әйтсе де, адам тағдыры аяқасты етіліп, НКВД тергеушілері жазған бұл құжатпен де таныса кеткен артық бола

қоймас. С.Қожановтың қолы қойылған «түсініктерде» төмендегідей шатпақтар кездеседі.

«Я расскажу о той мерзкой, предательской роли, которую я и мои сообщники играли за весь этот период».

«Еще в период гражданской войны алаш-ордынцы связались с представителями иностранных государств, как надежными союзниками в борьбе против Советской власти. Такая связь существовала Букейхановым и японским бароном Унгерном, у Букейханова, Байтұрсынова, Тынышпаева с белогвардейцами в Китае».

«Чокаев ведет переговоры с Японией об организации восстания и интервенции в СССР».

«Осенью в 1936 г. в Ташкенте на моей квартире сообщил, что в Алма-Ате Ермековым Алиханом получено предложение от Чокаева начать, через казахских эмигрантов, переговоры с представителями Японии в Китае».

«В 1936 году мною поручено Асфендиярову, Жандосову, Масанчи и Розыбакиеву вести переговоры с японским агентом в Западной Китае об установлении тесной связи с японским правительством в вопросах подготовки войны против СССР и использования нашей организации в интересах Японии» (Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД 1937-38. М., 2004, с. 21).

Баянаттың әр тұсында Сталиннің қолынан түрлі ескертпе мен шартты белгі түсірілген. О.Жандосовтың есімі тұсында «Джандосова взять» десе, фамилиялардың кейбірі қоршауға алынып, тұсына «Ар», яғни тұтқындау жөнінде белгі соғылған. Жазбахатта аты-жөнін Сталин жақсы білетін, Қазақстанда жоғары деңгейде басшы қызмет атқарған Рысқұлов, Жандосов, Нұрмақов, Сейфуллин, Құлымбетов, Ескараев, Меңдешев, Сарымолдаев, Асфендияров, Жүргенов, Досов, тағы басқа кенестік қайраткерлер есімі аталады. Кейін олардың бәрі репрессия құрбаны болды.

Ермеков пен Қожанов «мойындауларын» олардың тарапынан жасалған осалдық ретінде қарауға мүлде болмайды. НКВД жендеттері мұндай «мойындауларды» тергеуге түскендердің бәрінен дерлік алған және олар мұндай құжаттарға ұзаққа созылған қаныпезерлік азаптаудан кейін есін білмейтін жағдайда қол қойған немесе өздері қоя салған.

Кенестік қазақ қайраткерлеріне жапон, ағылшын, неміс тыңшылығы ғана емес, ұлтшылдық, контрреволюциялық, буржуазиялық, антисоветтік, исламшыл, түрікшіл деген толып жатқан айыптар тағылып, Троцкий, Каменев, Бухарин, Зиновьев, Рыков, т.б. Сталиннің жауларымен ымыраласы деген ойдан шығарылған жала жабылды.

Пролетариат пен коммунистер көсемі саналатын Ленин революциялық қызметі үшін Қазан университетінен оқудан шығарылса да, кейін экстернмен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген жоғары білімді адам еді. Оның төңірегіндегі Н.Бухарин Москва университетін тәмамдаса, Г.Зиновьев Берн университетінде, Л.Каменев Москва университетінде оқыған, бірнеше шет тілдерін білетін интеллектуалдар болатын.

Бар оқыған-тоқығаны Тифлис діни семинариясымен таусылған шаласуатты Сталин ай-

наласындағылардың білімі, ақыл-парасаты өзінен жоғары болуын қаламады, ал білімдер қайраткерлермен кездескенде білімінің кемшіндігінен өзін қорсанып бастады. Сол себепті маңындағы алды — Еуропаның, соны Ресейдің айтулы жоғары оқу орнын бітірген зиялыларды біртіндеп қызметтен шеттетіп, қуғын-сүргінге ұшыратып, оларды қоғам алдында халық жауы ретінде абден маскаралаған сон ату жазасына кесіп отырды.

Атылып, келмеске кеткендер орнына айтқанына көніп, айдағанына жүретін Микоян, Каганович, Ворошилов, Калинин сияқты толық орта білімі де жоқ, рухы төмен, кешегі қара шекпен мен кукаркалардың балаларын жинады.

Кенес Одағы басшысының сенімді серіктері ішінде В.Молотов қана Санкт-Петербург политехникалық институтының үш курсын тәмамдаған инженер

Үкімет басшысын КСРО Жоғары Кеңесі бекітетін, ал оның төрағалығын 1938-1946 жылдары ел ішінде кекесінді мағынада «бүкілодақтық староста» деп аталған, ал шетелдік басшыларда қокитып «КСРО Президенті» дейтін Михаил Калинин атқарды. Сталин қызметіне бекітетін жарлыққа қол қоятын бұл байғұс оның алдында малайындай құрдай жорғалайтын. Бар оқыған-тоқығаны жұмысшыларға арналған Нарва училищесінің екі курсынан аспаған «КСРО Президенті» әйелі Е.Калининаны (қыз күніндегі тегі — Лорберг) Сталин 1938 жылы түрмеге қамап, айдауға жібереді. Ол Гулагта өлім халіне жеткенде 1946 жылы ғана сорлы күйеуі оны босатып алуға әрең шамасы жетеді. Заң жүзінде мемлекет басшысы саналатын Калининнің отбасын осындай мазақ пен азапқа салған Сталин үшін өзгелердің тағдыры шыбын құрлы да емес еді.



Нарком Г.Ягода Н.Хрущевпен бірге ГУЛАГ тұтқындары салған «Москва-Волга» каналы құрылысында, 1935 жыл

Ермеков пен Қожанов «мойындауларын» олардың тарапынан жасалған осалдық ретінде қарауға мүлде болмайды. НКВД жендеттері мұндай «мойындауларды» тергеуге түскендердің бәрінен дерлік алған және олар мұндай құжаттарға ұзаққа созылған қаныпезерлік азаптаудан кейін есін білмейтін жағдайда қол қойған немесе өздері қоя салған.

болатын. Жігерсіз Молотовтың Сталин алдынан басқаны былай қойғанда өз әйелін репрессиядан аман алып қалуға дәрмені жетпейді. П.Жемчужная 1949 жылы абақтыға жабылып, көсем өлгенше айдауда болды.

Сталин ресми түрде КСРО Министрлер кеңесі төрағасының қызметін атқарды. Сондықтан оны шетелдік басшылар Черчилльге ұқсатып, «Премьер Сталин» деп жазатын. Ол кезде

Сталин төңірегіндегілер ішінде ең ұзақ жасап, ең көп жоғары лауазымды қызметте болған адам — А.Микоян. Ел ішіндегі орақ тілділердің «От Ильича до Ильича, без инфаркта и паралича» деген қылжасқ сөзіне қалған құбылма қайраткер — осы кісі. Оның да бар білімі Сталин оқыған Тифлисте діни семинариямен шектеліпті.

Ұзақ жылдар Сталиннің Үкіметтегі бірінші орынбасары

қызметін атқарған Л.Кагановичтің білімі де өз деревнясындағы екі сыныптық мектептен аспаған екен.

Кенес Одағының алғашқы маршалдардың бірі, даңқты қолбасшы ретінде көп дәріптелген, 1925-1940 жылдарға дейін Қорғаныс министрі, кейін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы болып, Саяси бюро мүшелігінен абсолютті рекорд жасаған (34 жыл) К.Ворошиловтың бар оқып тауысқаны өз деревнясындағы екі сыныптық земстволық мектеп болатын.

Сталиннен кейін Кеңес Одағын он жыл қатарынан билеп-төстеп, ойына келгенін істеген Н.Хрущевтің де жоғары білімі болмаған.

Ол 1929 жылы Өндірістік академияға (1925 жылы ашылып, 1941 жылы біржолата жабылған) оқуға түседі. Ондағы бір жарым жыл ішінде жартықеш білімін толықтырудың орнына академиядағы партком хатшысы қызметін атқарып, «партиялық тазалау» науқанына білек сыбана кірісіпті.

Хрущевтің академияға кірген ізі бар да, шыққан ізі жоқ. Ол 1931 жылы Кагановичтің ұсыны-



Атылар алдындағы Санжар Асфендияров

сы, Сталиннің қолдауымен бірыңғай партиялық жұмысына ауысып, 35-ке келгенде әрең қолы жеткен академиядағы оқуын орта жолдан тастап кетіпті.

Кенестік әдебиетте әйдік революционер, жалынды большевик, ірі оқымысты деп асырамақталған Сталиннің төңірегіндегі сүмелек қайраткерлердің шынайы сықпыты осындай болатын.

Сталин дәл осы принципті республика басшыларын таңдау барысында да берік ұстанды. Қазақстанда большевиктер билігін мойындап, кенес жағына шыққан, Ресейдің ең таңдаулы университеттерін бітірген, орыс тілімен қоса, бірнеше шетел тілін меңгерген қайраткер тұлғалардың молдығына қарамастан, республика басшылығына бар білімі тіс техникінен аспаған, бірнеше ұмтылып Санкт-Петербург әскери медицина академиясына түсе алмаған Ф.Голошкекинді тағайындайды.

Егер таңдау коммунист-дәрігерге түсер болса, дәл осы кезде Қазақстанда Денсаулық сақтау министрі қызметін және одақтық орақ тілділердің «От Ильича до Ильича» деген қылжасқ сөзіне қалған құбылма қайраткер — осы кісі. Оның да бар білімі Сталин оқыған Тифлисте діни семинариямен шектеліпті.

«Өзі жақсы білетін» дегенді тегін айтып отырған жоқпыз. Сталиннің 1924 жылдың 15 шілдесінде бастап қайтыс болған 1953 жылдың 5 наурызына дейінгі әр күні кімді қабылдағанын мұқият тіркеп отыратын арнайы журнал болған. Ол 1926 жылы С.Асфендияровтың 15 ақпан, 15 наурыз және 30 наурызда үш мәрте қабылдаған. Қайраткер-ғалымның ақыл-парасаты, білімі, кәсіби деңгейі, қайраткерлік қабілетінің Голошкекинді он орап әкететінін өте жақсы білген. Біле тұрса да, қазақтың игі жақсыларының алтын басын қор етіп, шаласуатты, ұрдажық Голошкекинге жығып берген.

Кенес өкіметін мойындап, 1919 жылдан партия қатарына өткен, әуелі Түркістан өлкесінде, кейін Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанда басшы қызметтер атқарып, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті хатшысының орынбасарлығына дейін көтерілген бекзат болмысты қайраткер, дәрігер ғалым, тарихшы профес-

сор, бірнеше тілде еркін сөйлейтін Санжар Асфендияровқа үш бірдей капиталистік елдің тыңшысы деген қисынға мүлде келмейтін, жазықсыз жанды нақаттан күйдірген жала жабылады. Оған 1937 жылдың 29 қарашасында тағылған айыптау қорытындысында: «Начиная с 1930 г., занимался активной шпионской деятельностью в пользу Англии, Японии и Германии, систематически снабжая разведки этих стран секретными материалами», — деген сөздер жазылып, атағы жер жарған қазақ хандардың тұқымы, асылзала азамат ату жазасына кесіледі.

Жиырмасыншы жылдары республика тізгінін Сталин өте жақсы білетін Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев сияқты қайраткерлердің бірі ұстағанда, қазақ халқының тең жартысын жалмаған зұлмат ашаршылық болмас еді.

Отызыншы жылдары қазақтан шыққан коммунист қайраткерлердің алды одақтық деңгейге көтеріліп үлгерді. Солардың ішінде оза шауып, Ресей үкіметі төрағасының орынбасары лауазымына дейін жеткен Тұрар Рысқұловты Қазақстан басшылығына мүлде жолатпады.

Голошкин Қазақстанға келгенше республика партия ұйымының екінші хатшысы қызметін атқарған Сұлтанбек Қожанов та республикадан шеттеліп, ВКП (б) Орталық комитетінің нұсқаушылығына «жоғарылатылды».

Қазақстан мен Түркістан автономиялық республикаларында бірнеше мәрте министр болып, КСРО Орталық атқару комитеті хатшысының орынбасарлығына дейін көтерілген Санжар Асфендияровтың да қайраткерлік қабілеті пайдаланылмай, ғылыми-ұстаздық қызметке жіберілді.

Республиканың басқаруға КСРО-ның Сауд Арабиясындағы тұңғыш елшісі Нәзір Төркеұловтың әлеуеті емін-еркін жететін еді.

Бұлардың әрқайсысының Сталин төңірегіндегі Микоян, Каганович, Калининдерді әлденеше орап әкететінін көсем өте жақсы білсе де, оларды Қазақстанға мүлде жолатпады.

Жалпы, Сталин қазақтарға ғана емес, барша түркі халықтарына мұрнын шүйре менсінбей, қосынды қараған. Үнемі сенімсіздік көрсеткен. Ол 1929 жылдың 14 желтоқсанында Т.Рысқұловты соңғы рет қабылдаған. Бұдан кейінгі 1929-1952 жылдар аралығында О.Исаевтан басқа бірде-бір қазақ қайраткерін табылдырығынан аттаппаған. Өзі «дала қыраны» деп көтермелей баға берген Ж.Шаяхметовтің өзін бір-ақ рет — 1952 жылдың 21 қазанында, оның өзінде сол кездегі Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы Е.Тайбековпен бірге қабылдаған (На приеме у Сталина: Тетради (журналы) записей лиц, принятых И.В. Сталиным (1924-1953 гг.) М., 2010).

Ол Орта Азия республикасы басшыларын да менсінбей, төмен санаған. Кенес Одағын отыз жыл еркін билеп-төстеген диктатор Орта Азия мен Қазақстанға бірде-бір рет ат ізін де салмаған.

Мұны кейбір сталинтанушылар мен оған табынушылар көсемнің жұмыс графигінің тығыздығымен түсіндіруге тырысады. «Олай емес» дейміз біз. Өйткені ол тек 1937-1938 жылдары доносшы нарком Н.Ежовты 290 рет қабылдауға уақыт тапқан. Әр кірген сайын жүздеген, мыңдаған адамның басын жалмайтын тапсырма алып шығатын тажалды қабылдауға кеткен уақыттың оннан бірінші есебінен Қазақстан мен Орта Азияға ең болмағанда Октябрьдің 10, 20, 30 жылдығына орай бір рет келуге болар еді, бірақ қолдан жасалған даңқ пен дақпытқа піскен, дандайсыған диктатор мұны мүлде қажет деп таппаған.

«Орнында бар оналар» дейді дана халқымыз. Еліміз тәуелсіздік алған соң туған халқының азаттығы жолында құрбан болған Алаш арыстары қайнар бастауында тұрған жапон-қазақ қарым-қатынастары жана биікке көтерілді. Бұл — орайы келгенде айтылатын арнайы әңгіменің тақырыбы...

СЕРПІН

9 MAUCЫM 2026 | СЕЙСЕНБІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алтын Орда тарихын тануға үндеуі, Жошы хан рөлін айқындауға маңыз беруі, «Қазақстан тарихы» 7 томдығының жазылуына бастамашы болуы – іргетасымызды мықтаудың алғышарттары. Жаңа Конституция преамбуласындағы «Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып» деген жолдардың мәні тереңде жатыр. Бұл концептуалды ой титулды ұлттың мәртебесін айқындап, елдік бірегейлігіміз бен тұтастығымызды мықтады.

Бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата заңымыздың 1-бабында: «Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жазылған. Қазаға түскен жай жазу ғана емес, әр адамның өзіндік мінезі болатыны сияқты, демократияға ұмтылған мемлекеттің өзгелерден ерекшелендіріп тұратын белгісі. 1948 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған «Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясындағы» заң алдындағы теңдік, ар-ождан, дін бостандығы, сөз еркіндігі бас құжатымыздың негізіне айналған. Адвокат қызметінің күшейіп, «Миранда құқығының» енгізілуі кінәсіздік презумпциясы барлығын нақтылай түседі. Статистикаға сүйенсек, Қазақстан бюджетінің шамамен 37-38 пайызы әлеуметтік салаға бөлініп, 9,6-9,8 трлн теңгені құрайды екен. Бұл біздің әлеуметтік мемлекет екенімізді айғақтап, сөз бен істің арасында алшақтық жоғын аңғартады.

Елімізде демократиялық институттың үш тармағы, яғни заң шығарушы, атқарушы және сот билігі бар. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – сеп беруші Үкімет» концепциясы олардың тепе-теңдігін сақтап, басқару үлгісін жетілдірді. Соңғы саяси өзгерістер бір палаталы Парламент жүйесін енгізіп, унитарлы мемлекетке тән сапалы секіріс жасады. Кейінгі уақытта Парламент Сенаты мақұлдаған Конституциялық заңдар пакеті, «Салық кодексіне», «Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бізді әлемдік стандарттарға жақындатты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға ауысып, аралас меншік формасын қабылдап, сырттан инвестиция тартып, реформаларды жеделдету үшін әлеуметтік-саяси салада тез шешімдер қабылдау қажеттілігі туды. Осы тұста Парламент Сенатының рөлі күшті болғанын мойындауымыз керек. Қазіргі даму эволюциясы бұл институт қызметінен бас тартып жатса, ұлттық заннамамыздың негізгі базасы жасакталып үлгерді деген сөз.

Автократиялық режимде микрофон еркіндігі шектеліп, демократия акустикасы әлсірейді. Біліктің монологы ғана тыңдалып, диалогқа орын берілмейді. Осы сен бұзылғаны көңіле дему береді. Әділетті Қазақстанның «Естуші Үкімет» идеясы елдік мегажобалардың, инновациялық бастамалардың, тұрмыстық мәселелердің қоғамдық талқылауға түсуіне жол ашты. Цифрланған eGov платформасында 50 мың дауыс жинаған кез келген петиция Үкімет отырысында қаралып, кәсіби



Коллаж: ЖИ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚОҒАМДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙДІ

мамандардың сүзгісінен өтеді. Мемлекет басшысы әрбір билік өкілі өзін халықтың қызметшісі сезініп, менеджерлік қабілетін танытуын баса ескертіп келеді. Пікірталас, ой аландылығы бар жерде біржақтылық азайып, дұрыс шешім қабылданады. Бұған Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың подкаст жобасы жарқын мысал. Ол: «Біздің міндетіміз – күрделі мәселелерді халыққа ұғынықты форматта жеткізу. Бұл арқылы әр азаматқа пайдалы ақпарат бере аламыз деп сенеміз», – деген болатын. Қозғалған жайтқа ішінен үніліп, әр істің төркіні неде жатқанын айыра алатын сала мамандарынан көрерменнің алары көп. Жасыратыны жоқ, біз кейде журналист көтерген мәселемен емес, оның авторымен күресіп кетеміз. Ал қолында тізгіні бар топ арасындағы түрлі талқының түйіні тез шешіледі. Осы тәжірибені басқа әріптестері де қолға алса, ашықтық пен жариялық принциптері өміршең болар еді.

Алдымызда билік иерархиясы да, халық тандауы да сыналатын сайлау науқаны келе жатыр. Кез келген елде экономика нарығы жылдам қалыптасқанымен, сайлау нарығының орнығы оңай болмайды. Демократия талаптарына төзімділік сана сілкінісіне, заң үстемдігін мойындауға тікелей байланысты. Құрылтайдың партиялық тізіммен, яғни пропорционалды тәртіппен жасакталуы менталды ерекшелігімізді ескергеннен барған қадам екені түсінікті. Рулық-жершілдік, кландық мүддені алға шығарып, заң шығару органына кездейсоқ адамдардың кіріп кетуі қауіпті. Бірақ дауыс көп жинаған партияның қатарында аты-жөні көпшілікке танымал, қоғамдық өмірде белсенді азаматтардың болғаны маңызды. Заң мен экономикадан хабары мол, әлеуметтік ойдың бел ортасында

жүрген кәсіби мамандардың шоғырын көргіміз келеді. Популистік мәлімдемелерге әуес, қой мен қоянның ізін айыра алмайтындыр абырой әпермейді. Жалақыны сіз бен біздің салығымыздан алатын депутат сапасын талап етуге құқылымыз.

1937-1938-жылдардағы сталиндік қуғын-сүргінге қатысты орыстың тарихшы ғалымы Юрий Жуков тосын түйін жасайды. «Неге қанды қасаптың едәуір үлкен бөлігі осы екі жылға келді?» деген сұраққа жауап іздейді де, оны 1936 жылы қабылданған конституциямен байланыстырады. Билікке керзі етіктің күшімен келгендер альтернативалы сайлау жүресінен қорқып, сауатты жаңа буын ішіндегі оппоненттерін «халық жауы» тізіміне қосуға асыққаны айтады. Сөзінің дәлелі ретінде архив құжаттарын ұсынады. Бүгінгі сайлауда да әділ бәсеке болмаса, қарсылас тараптар ақпараттық ресурстарда түрлі троллинг, манипуляцияға құрылған материалдар ұйымдастырып, бір-бірін кемсітіп, мұқатуы мүмкін. Сол үшін де құқықтық иммунитетіміз мықты болуы қажет.

Білім мен ғылым өркениет көшіне ілесудің басты локомативі саналады. Кез келген реформа – сырты бүтін, іші түтін жылтырақ дүние емес, мемлекеттік саясатты түбірімен өзгіртіп, жаңару мен жаңғыруға бастайтын қадам. Тауу жылдары бұл саланың зандың іргетасы нығайып, қаржылық әлеуеті артты, мақсатты гранттар бөлініп, ғылыми ортаның ынтасы мен құлшынысы өсті. Ескі Қазақстанның «ережесіз күрестері» Қаныш Сәтбаев негізін қалаған қара шаңырақтың тоз-тозын шығарып, бұтарап тастағаны өтірік емес. Дүниежүзін дүрмек салған пандемия, ғаламдық жылымқ, табиғи және техногенді апаттар ғалымдар қауымдастығының маңызын көрсетті. Тіпті, кез келген заң жобасы ғылыми

ортаның сүзгісінен өтсе, лоббизмнің лабиринтіне түспей, қарапайым халық үшін жұмыс істейтіні белгілі. Бір қуанарлығы, біздегі Ғылым ордасының мемлекеттік мәртебесі қайтарылып, қазына қамқорлығына алынды. «Ғылым және технологиялық саясат», «Педагог мәртебесі туралы» заңдар қабылданып, оқытушы-профессорлық құрамның материалдық жағдайы дұрысталды. Мысалы, академик атағын алғандарға өмір бойы мемлекеттік стипендия тағайындалуының өзі сүйіншілейтін жаналық емес пе?! Мектеп мұғалімдері де жауудың қасындағы атты кісідей енесінен тіктеп алғаны көңілімізді марқайтады.

Иә, болашақ кілті білімде. Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен «Ұлттық қор – балаларға», «Келешек» жинақтаушы жүйелері құрылып, «Жайлы мектеп» бағдарламасы қарқынды іске асуда. Үш ауысымды білім ошақтарынан біртіндеп құтылып, заманауи үлгіде жабықталған жаңа ғимараттар кілті жиі табысталауда. Астана мен Алматы секілді қалаларда «24 те 7» үлгісіндегі кітапханалар жұмыс істеп, оқырманнар сұранысын өтеуде. Бұл – Америка мен Еуропада бұрыннан бар тәжірибе, соны өзімізге сіңіріп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру оректіндеміз. Жақында ғана «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулыға қол қойылып, алдағы мақсатымызға жақындай түстік. Осы орайда классик жазушымыз Әбіш Кекілбайды: «Кітап адамды, кітапхана адамзатты тәрбиелейді», – деген тәмсілі еске түседі. Қазақстанның әлемдік жағымды имиджі мәдениеттің дамып жатқандығымен іске асып, сол арқылы бейбітшіліксіздігі бейнеміз айқындалады.

Жаңа медиа дәуірі азаматтық журналистика, блогсфера қызметін жаңа саатыға

көтерді. Гаджеттер газеттер аудиториясынан үлкейіп, автоматтар мен ақпараттар соғысы қатар жүріп жатыр. Ешқандай медиаиндустрияда тәжірибесі, кәсіби дайындығы болмаса да, кез келген адам тікелей эфирге шығып, трансляция жасап, өз ойын бөліседі. Осыдан туатын қауіптің бетін қайтару мақсатында «Масс-медиа туралы» заңды жаңа редакцияда қабылдап, жаңа Конституцияның 23-бабының 6-тармағында: «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгеруді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қатығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді», – деп жазылған. Бұл бапта цензураға тыйым салынатыны айтылған, бірақ қисық ауыз, желөкпе сөздерге жол берілмейтіні де ескертілген. Парламент Сенатының депутаты Нұрғере Жүсіптің: «Ас-ауқаттан ұлансақ, дәрігерге барамыз, ал ақпараттан ұлансақ, қайда барамыз?» – деген риторикалық сауалы бәрімізді ойландыруға тиіс.

Қазақстан әлемде сауаттылық деңгейі өте жоғары елдердің қатарына жатады. Қоғамның барлық қабатының хат тануы, оқи алуы 99,8 пайызды құраса, ол – орта және тегін білімге кепілдік берудің нәтижесі. Бірақ осы артықшылықты жете түсінбей, оны судың ағуы, желдің тұруы, оттың жануы сияқты табиғи құбылыс ретінде қабылдайтындар бар. Мұхиттың арғы жағындағы Сэм ағайдың елінде функционалды сауатсыздар шамамен 20-21 пайызды құрайды екен. Өкінішке қарай, бізде мектеп оқушылары мен ЖОО студенттерінің көбі 14 апқандағы «Әулие Валентин күнін» бар салтанатпен атап өтіп, оқу-білімге қолжетімділік берген Конституция мәнін жете түсіне бермейді. Әрине, ресми шаралар ұйымдастырылып, құттықтаулар қолданылғанымен, жүрекпен қабылдап, шын тебіренген сәттерді аз байқаймыз. Осы ретте оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова-ның мектеп бағдарламасына «Конституция негіздері», «Заң мен тәртіп» пәндерін енгізу бастамасын құптаймыз. Егер бастаушы сынып оқушыларының сөмкесінде «Отантану» оқулығы жүрсе, патриоттық тәрбие күшейіп, жас жеткіншектер ұлы даламыздың бағасын біліп, бір жұтым ауасының қадірін сезер еді. Ренессанстық дәуірдің басында тұрған Алаш көсемдері төл мәдениеті мен дәстүріне сүйенген жапондық үлгіге бекер басымдық бермеген. Біз де тарихи жадымызды тірілтіп, жас ұрпақ санасын оятып, сакралды ерекшеліктерімізді ұлықтауымыз керек.

Саясаттанушылар отарлық езгіде болған елге толық тәуелсіздік екі ұрпақ ауысқасын келеді деп болжайды. Қазіргі сын-кәтерлер мен тәуекелдер, әлемдегі турбуленттілік, орналасқан геосаяси жағдайымыз «орта дәржау» ретіндегі позициямызды күшейтеу ітермелейді. Конституциямызды жаңа редакцияда қайта қарап, ұлттық заннамаларымызды оған сәйкестендіру – райы мен реңі өзгерген заманға бейімделу амалы.

Бекжан ӘШІРБАЕВ,
Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

КҮРІШ ЭКСПОРТЫНЫҢ КҮРМЕУІ

Қызылорданың ақ күрші еліміздің экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірі саналады. Соңғы жылдары Сыр маржанының сыртқы нарықтағы үлесі артып келе жатқаны жиі айтылып жүр. Дей тұрғанмен, диқан қауымы жер-анадан жиған өнімді шетел асыруда көптеген қиындық кездесетінін де жоққа шығармайды



тық жағдайы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарына бірдей қолайлы емес. «Жаз мезгілінде Сыр аумағында ауа температурасы 45-50 градусқа дейін көтеріледі. Сондықтан басқа өңірлерде жақсы нәтиже беретін дақылдардың бәрі бірдей Қызылорда топырағында жоғары өнім береді деп айту қиын. Мысалы, Қызылордада өсірілген картопты Павлодар облысының картобымен салыстыруға келмейді. Әр өңірдің өз ерекшелігі бар. Жалпы, қазіргі жағдайда Қазақстан үшін экспорт нарықтарын кеңейту мәселесі аса маңызды. Өйткені өндірілген өнімді тиімді өткізу мүмкіндігі азайған сайын шаруалардың экономикалық жағдайы нашарлай береді», – дейді маман.

Қалай болғанда да, Сыр бойының басты брендіне айналған күрші шаруашылығы бүгінде жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп тұр. Бұл тұрғыда бағаның төмендеуі, экспорттағы кедергілер, су тапшылығы және өндіріс шығындарының артуы мәселелері тиімді шешімін таппай келеді. Сондықтан сала мамандары мемлекеттік қолдау тетіктерін күшейте, жаңа экспорттық бағыттарды ашу және су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесін күн тәртібінен түсірмеу қажет деп есептейді.

Кейінгі жылдары күрші экспорттың бұрынғыдай емес, құлдырай бастағаны күрші өсірушілерді күмілжітіп тұр. Сарапшы мамандар оның салдарын бірнеше фактордан

іздейді. Әсіресе, Сыр өңірінде өндірілетін күршінің сапасы жоғары болғанымен, экспорт көлемін арттыруға халықаралық бәсекенін күшеюі бірден-бір себеп болып тұр деген түсінік қалыптасып отыр. Қазір әлемдік нарықта Үндістан, Пәкістан, Тайланд және Вьетнам елдері күрші экспорты бойынша жетекші орынға ие. Яғни бұл елдердің өндіріс көлемі де үлкен, бәсекеге қабілетті де жоғары. Бұған қоса, Сырдария өзеніндегі су көлемінің азаюынан егіс алқаптары қысқартылып жатыр. Ал өз кезегінде өнім көлемінің төмендеуі экспорттық әлеуетті шектейді деген пікір айтылады. Оған бөлек, өңірдегі күрші өңдеу инфрақұрылымын жаңғырту мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. Кейбір кәсіпорындарда халықаралық стандарттарға сай сұрыптау, қаптау және сақтау технологияларының жеткіліксіздігі байқалады. Бұл өз кезегінде экспорттық нарықтың талаптарына толық жауап беретін өнім көлемін арттыруға кедергі келтіреді.

Қорыта айтқанда, сарапшылар өңірдегі логистика, су тапшылығы және халықаралық бәсеке секілді мәселелер көп жағдайда Сыр күршінің экспорт көлемін шектейді деген пікірде. Егер бұл түйткілерді шешудің тиімді тәсілдері табылса, аймақтың басты бренді ретінде бағаланатын Сыр маржанының әлемдік нарықтағы үлесін ұлғайтуға мүмкіндік артары сөзсіз.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Германия, Польша сынды мемлекеттерге 949,9 тонна қамыс және Ресейге 20 тонна күрші қалдығы экспортталды», – дейді басқарманың баспасөз қызметі.

Алайда сала мамандары күрші шаруашылығында күрмеуі қиын мәселелер әлі бар екенін айтады. Бұл ретте Күрші өндірушілер мен өңдеушілер қауымдастығының мүшесі Сағидулла Сыздықовтың сөзінше, қазір шаруалар бірнеше қиындықтың қыспағында қалып отыр.

Негізінен, елімізде өндірілетін күршінің шамамен 40 пайызы ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етсе, қалған 60 пайызы экспортқа шығарылады деген ақпарат бар. Бұл ретте қазақстандық күрші өнімінің басым бөлігі ТМД елдеріне жөнелтіледі. Оның ішінде Түрікменстан, Беларусь, Украина, Әзербайжан мемлекеттерімен қатар Монғолия, Иран, Ирак және Түркия нарықтарында да сұранысқа ие. Бұған дейін Сыр күршісі Америка нарығына дейін жеткізіліпті.

Алайда соңғы жылдары қалыптасқан геосаяси жағдай күрші нарығына да әсерін тигізбей қоймады. Ресейге қарсы халықаралық санкциялар енгізілгеннен кейін күрші елдің ауыл шаруашылығы өнімдері Қазақстан нарығына бұрынғыдан да көп көлемде келе бастаған. Оның ішінде күршінің үлесі айтарлықтай жоғары екен.

Қауымдастық мүшесінің айтуынша, Ресей күршінің бағасы қазақстандық өнімнен әлдеқайда төмен. Бұған бірнеше себеп бар. Ең алдымен, күрші өндірісіне қажетті тынайтқыштар мен техникалардың басым бөлігі Ресейдің өзінде өндіріледі.

9 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Корей операсы ҚАЗАҚ САХНАСЫН тербеді

7 маусым күні елордамыздағы жетекші мәдени орталықтардың бірі «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында Орега Voyage концерті өтті. Халықаралық «Опералия» фестивалі әлемдік классикалық музыка мен корей ұлттық мәдениетінің тоғысқан алаңына айналды.

Сонғы жылдары корей мәдениеті әлемнің көптеген елінде кенінен танылып келеді. Әсіресе, BTS, BLACKPINK секілді топтардың арқасында К-поп жаһандық құбылысқа айналды. Дегенмен Корея мәдениеті тек заманауи музыкамен шектелмейтін айдан анық. Фасырлар қойнауынан бастау алатын классикалық музыка дәстүрі мен XVII ғасырдан бері дамып келе жатқан «Пхансоги» корей операсы — ұлттық мәдени мұраның ажырамас бөлігі. Орега Voyage концерті қазақстандық көрерменге корей өнерінің дәл осы терең әрі көркем қырын таныстыруды мақсат етті. Кеш барысында көрермендер әлемдік опера репертуарындағы танымал ариялармен қатар, корей композиторларының шығармаларын және заманауи корей операсының үзінділерімен таныла алады. Концертте Корея Ұлттық опера студиясының жас әншілері — сопранолар Чхве Ёнвон, Чин Чуын, Ча Бын, тенорлар Ким Хёнсо мен Ким Хансон, баритондар Нам Кичхан мен Ким Чанхён өнер көрсетті. Жас болғандарына қарамастан, орындаушылар Кореядағы беделді музыкалық байқаулардың лауреаттары ретінде танылып, әлемдік сахналарды мойындатып үлгерген. Концертке қатысқан сопрано Чхве Ёнвон үшін бұл Астанадағы алғашқы кеші болды. Әншінің айтуынша, ол қазақстандық көрерменмен музыка арқылы байланыс орнатуды ерекше толқыныспен күткен.

«Бұл — менің Астанадағы алғашқы концертім. Қазақстандық көрерменмен жүздесу — мен үшін үлкен мәртебе. Осы кеш арқылы корей операсының сұлулығы мен эмоциялық тереңдігін жеткізім келеді», — дейді өнерпаз.

Ал тенор Ким Хансон музыканың адамдарды тіл мен мәдени айырмашылықтарға қарамастан жақындастыра алатын ерекше күш екенін атап өтті.

«Музыка әлемнің түкпір түкпіріндегі хандарды біріктіре алатын шексіз күшке ие. Осы концерт арқылы Астана көрерменімен әсерлі сәттерді бөлісіп, мәдени өзара түсіністікті нығайтқымыз келеді», — дейді ол.

Концерттің ерекше тұсының бірі дәстүрлі корей операсы «Тағдыр тоғыстырған жандар» шығармасынан ұсынылған көріністер болды. Қойылым режиссері Чу Доквонның айтуынша, туындының негізгі идеясы — әрбір кездесудің құндылығын көрсету.

«Мен үшін ең маңыздысы — көрерменнің оқиганы сөз арқылы емес, сезім арқылы қабылдауы. Сондықтан сахнадағы әрбір әрекет эмоцияны бірден жеткізе алатындай етіп құрылды», — дейді ол.

Режиссердің пікірінше, бұл шығарманың табысты болуының бір сыры — оның қарапайым әрі адам табиғатына жақын тақырыптарды қозғауында. «Қойылымда махаббат, толқу, кездесу, түсіністік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар көрініс табады. Сол себепті шығарма корей көрерменіне ғана емес, өзге ел аудиториясына да жақын», — деп атап өтті.

Чу Доквон мырза корей классикалық музыкасының халықаралық болашағына да үлкен сеніммен қарайды. Оның пікірінше,

К-поп әлемге корей мәдениетінің есігін ашқан болса, ендігі кезеңде корей операсы мен академиялық музыкасына деген қызығушылық арта түседі. «Бүгінде әлемнің жетекші театрларында корей вокалистері табысты өнер көрсетіп жүр. Сонымен қатар бізде сапалы ұлттық опералар мен дарынды режиссерлер көп. Егер К-поп корей мәдениетінің есігін ашып берген кілт болса, К-Орега — сол ашық есіктен төрте озып, әлем жұртшылығы сүйсіне тамашалайтын келесі үлкен тарих болмақ».

Сонғы уақытта тек қана корей классикалық музыкасы емес, Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени байланыстар да жана деңгейге көтеріліп жатқаны сөзсіз.

Бүгінде екі ел өнер, кино, білім және мәдениет салаларында белсенді ынтымақтастық орнатуда. Қазақстанда корей мәдениетіне деген қызығушылық артып қана қоймай, бірлескен шығармашылық жобалар да жүзеге асырылып жатыр. Бұл өз кезегінде халықтар арасындағы түсіністік пен достықты нығайтуға ықпал етуде.

Концерт барысында аталған байланыс залдағы атмосферадан ерекше сезілді. Көрермендер арасында Қазақстанда тұратын кәріс этносның өкілдері көп болды. Олар өздерінің тарихи отанының мәдениетімен қайта қауышқандай әсер алып, сахнадағы әрбір туындыны ерекше ықыласпен қабылдады. Бұл кездесу көптеген адам үшін мәдени тамырымен қайта байланыс ор-



натқан ғажайып іс-шараға айналғанды болды. Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі концерт біткен уақытта болды. Бағдарламаны корейлік өнерпаздар қазақтың ұлы ойшылы Абайдың әйгілі «Көзімнің қарасы» әнімен түйіндеді. Сол сәтте залдағы түрлі этнос өкілдері — қазақ, корей, орыс пен қытайлар әнді әртістермен бірге қосыла шырқап, оны өз мәдениетінің ажырамас бір бөлшегіне қабылдағаны жүректі елжіретпей қоймайды. Бұл көрініс кештің басты идеясын — өнердің ұлт пен тілге бөлінбейтін амбебап құндылық екенін айқын аңғартты.

Осылайша, Орега Voyage концерті кезекті опера кешінен әлдеқайда ауқымды мәнге ие болып, мәдениеттерді тоғыстырған ерекше оқиғаға айналды. Қазақстан мен Кореяны мындаған шақырым қашықтық бөліп тұрғанымен, өнер мен музыканың халықтарды арат құндылықтар төңірегінде біріктіре алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Данаян АМАНГЕЛДИНА,
ЕҰУ-дің 2-курс студенті

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ



Биыл Алматының мәдени күнтізбесіндегі маңызды оқиға — Beu Fest фестивалі бес жылдығын атап өтті. Жаз маусымының шымылдығын түрген жоба Beu FM радиостансасының қолдауымен ұйымдастырылып келеді. Алматы аспанын үзеді өн мен көтеріңкі көңіл күйге бөлеген Beu Fest биыл да дәстүрден танбай, мыңдаған көрерменнің бір алаңға жинады.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Осыдан бес жыл бұрын бастау алған Beu Fest қазір Қазақстанның мәдени кеңістігіндегі айрықша жобалардың біріне айналып үлгерді. Бұл аралықта фестиваль жана есімдердің жұлдызын жағып қана қоймай, алыс-жақын шетелден келген қонақтардың қызығушылығына ие болды. Аталмыш жобаның тағы бір ерекшелігі — радио мен жанды музыканың үйлесімі. Биылғы мерейтойлық кеште көрермен сүйікті әндерін жанды дауыста тыңдап, заманауи шоу элементтеріне куә болды.

— Осы жолы Beu Fest жобасын бес жылдық мерейтойына орай мүлде жана деңгейде өткізуге тырыстық. Мықты музыкалық құрамды жинаумен шектелмей, қазіргі қазақстандық музыканың қаншалықты ауқымды, алуан түрлі әрі қуатты екенін көрсеткіміз келді. Біздің идеямызды қолдаған көрерменге, өнерпаздарға, серіктестерімізге және Beu FM радиосының тыңдармандарына зор алғысымызды білдіреміз. Бұл — біріміздің ортақ еңбегіміздің нәтижесі және үлкен мәдени мерекесі, — делі Beu Fest фестивалінің ұйымдастыру комитеті.

Сондай-ақ биылғы фестивальде түрлі музыкалық жанрлар мен буын өкілдері бір сахнада тоғысты. Кеште заманауи музыканың көшіні бастап жүрген орындаушылар мен эстраданың танымал тұлғалары өнер көрсетті. Көрермен Ninety One, Қайрат Нұрғас, Shiza, ALEM, Yenlik, M'Dee, Ayau, Жанар Дұғалова, Voparart, Ulukmanaro және Мирбек Атабеков сынды сахна жұлдыздарының әндерін қосыла шырқады.

Beu Fest — Алматы қаласының креативті индустриясын дамытуға ықпал

ететін негізгі мәдени жобаның бірі. Фестиваль қазірдің өзінде шығармашылық индустрия өкілдерінің кәсіби байланыстар орнатуына, аудиторияның мәдени таламын қалыптастыруға серпін беріп отыр. Әсіресе, жоба бүгінге дейін халыққа жас таланттарды таныстыру дәстүрін жалғастырып келеді. Бұл жолы тыңдарман SALSERI, DIDAR TOLEGEN, ASTRA, UMACY, сондай-ақ Beckth & Tibo сынды дебютанттардың өнеріне куә болды. Халық жас орындаушылардың сахнадағы алғашқы қадамына ерекше қолдау білдірді.

— Beu Fest сахнасында Umay тобы ретінде алғаш рет үлкен аудитория алдында өнер көрсетуі біз үшін маңызды қадам болды. Бұл фестиваль тыңдарманға өзімізді таныстыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білеміз. Біз қазақ музыкасының заманауи бағытта дамуына үлес қосып, ұлттық болмысты жана форматта жеткізуді мақсат етеміз. Осындай алаңдар жас таланттардың ашылуына, шығармашылық индустрияның дамуына және жана буын өртістерінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл кеш — тобымыздағы әрбір қыздың арманы орындалған сәт. Beu Fest бізге жас орындаушыларға қолдау көрсетуімен, көрерменнің ыстық ықыласымен ұмытылмас әсер сыйлады. Осындай мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға алғысымызды білдіреміз! — делі Umay тобының мүшесі Сабина Женисканова.

Онымен қоса, биылғы фестиваль көрермен үшін күтпеген музыкалық коллаборацияларымен есте қалды. Кештің басты жаңалығының бірі болған Shiza мен Жанар Дұғалованың орындауы тыңдарманның ерекше ықыласына бөленсе, Ulukmanaro мен Yenlik ұсынған жана композиция осы кеште жарыққа шықты.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(7172) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(7172) 804-61-32
podpiska.aikyn@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4748

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,